

## Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 Қаулысы.

"Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Коса беріліп отырған:

1) Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді айқындау қағидасы;

2) мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптар бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 қарашадағы № 1433 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 1), 2-2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерінің штат санының лимиті шегінде дипломатиялық өкілдіктерді күзету жөніндегі полиция полкі;" ;

"2-2) ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерінің штат санының лимиті шегінде үкіметтік мекемелерді күзету жөніндегі полиция полкі.".

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі № 901 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., № 36, 364-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі № 901 және 2004 жылғы 27 наурыздағы № 371 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі № 989 қбпұ қаулысының 1-тармағы 1) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы , жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы және отызыншы абзацтары.

4. Осы қаулы 2012 жылғы 21 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 7 қазандагы  
№ 1151 қаулысымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді айқындау қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағида Қазақстан Республикасының мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерін айқындау мақсатында әзірленді.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілері негізгі үш санатқа бөлінеді: аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық объектілер мен стратегиялық маңызы бар және жарғылық капиталындағы акциялардың бақылау пакетін (қатысу үлесін) мемлекет тікелей немесе жанама иеленетін заңды тұлғаларға тиесілі экономика салаларының объектілері.

3. Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді күзетуді Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері, Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнайы мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерін тарта отырып күзетілетін адамдардың жұмысы мен тұрғылықты жерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 N 1098 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, жарғылық капиталындағы акциялардың бақылау пакетін (қатысу үлесін) мемлекет тікелей немесе жанама иеленетін заңды тұлғалар осы Қағидаға сәйкес көрсетілген санаттарға жатқызылған қайта құрылған объектілерді мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілері тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) қосу және таратылғандарын алып тастау туралы ұсыныстарды есепті жылдың 20 сәуіріне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне енгізеді.

Ішкі істер министрлігі мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың ұсыныстары бойынша жыл сайын, 1 желтоқсаннан кешіктірмей заңнамада белгіленген тәртіппен Тізбеке түзетулер енгізеді.

Шетелдік дипломатиялық өкілдіктерді, шетелдік консулдық мекемелерді, халықаралық ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерін күзетуді 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына, 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясына және

Қазақстан Республикасының өзге де халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жыл сайын ұсынатын тізбеке сәйкес Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 4-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.05.2014 № 563 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2019 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

## **2. Объектілерді аса маңызды мемлекеттік объектілерге жатқызу өлшемдері**

5. Аса маңызды мемлекеттік объектілерге тұтастығының бұзылуы мемлекет қауіпсіздігіне, оған жүктелген функцияларды нақты іске асыруға теріс етуі, экономикаға елеулі зиян келтіруі, мемлекетаралық қарым-қатынастарды қынданатуы мүмкін, сондай-ақ мемлекет пен қоғам үшін аса маңызы бар объектілер жатады.

Аса маңызды мемлекеттік объектілердің санатына:

1) Қазақстан Республикасының респубикалық маңызы бар орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Әскери сотының, облыстық және оларға теңестірілген соттардың, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің, Құқық қорғау органдары академиясының, облыстар прокурураларының және оларға теңестірілген прокурураларының әкімшілік ғимараттары мен объектілері;

1-1) ұлттық қауіпсіздік органдарының медициналық мекемелерін және спорттық кешендерін, сондай-ақ басқа әскерлері мен әскери құралымдары болып табылатын әскери бөлімдерін және мекемелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, оның ведомстволарының, аумақтық және өзге де ұлттық қауіпсіздік органдарының, арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің, оқу орындарының, ғылыми зерттеу мекемелерінің әкімшілік ғимараттары мен объектілері;

1-2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери бөлімдерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің, оның ведомстволарының, құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің объектілері;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің объектілері, оның филиалдары мен қоймалары;

3) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетелдік дипломатиялық өкілдіктер, шетелдік консулдық мекемелер, халықаралық ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері жатады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.02.2019 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.12.2020 № 879 (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);  
31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

### **3. Объектілерді стратегиялық объектілерге жатқызу өлшемдері**

6. Стратегиялық объектілерге Қазақстандық қоғамының орнықты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, зиян келтіру Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне теріс әсер етуі, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіру мүмкін объектілер жатады.

Стратегиялық объектілер санатына:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі ішкі істер органдарының бөлімшелерімен бірлесіп күзеттін, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша бекітетін тізбеге енгізілген Қазақстан Республикасының объектілері, сондай-ақ маңызды мемлекеттік мәні бар объектілер;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің, басқа да әскерлердің және әскери құралымдардың әскери бөлімдері мен мекемелері;

3) мемлекеттік материалдық резервтері бар объектілер – жанар-жағар май материалдарын сақтау қоймалары, азық-түлік және киім-кешек қоймалары;

4) аса қауіпті, бактериологиялық, биологиялық, химиялық, есірткі құралдарын және прекурсорларды әзірлеу, өндіру, сынақтан өткізу, зерттеу және сақтау жөніндегі мемлекеттік ұйымдардың және мекемелердің объектілері;

4-1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 911 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

4-2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2019 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-3) ғарыш инфрақұрылымы объектілері;

5) атом энергиясын пайдалану объектілері, оның ішінде радиоактивті қалдықтары бар аумақтар;

6) тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері, оның ішінде: жылумен жабдықтау саласында жылу электр орталықтары (50 Гкал жоғары); ауыз сумен жабдықтау саласында су жинақтау құрылыштары жатады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.10.2011 № 1574 (21.01.2012 бастап күшіне енеді); 13.12.2012 N 1584 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.10.2014 N 1098 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2016 № 911 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2019 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23.12.2020 № 879 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

**4. Экономиканың стратегиялық маңызы бар және жарғылық капиталындағы акциялардың бақылау пакетін (қатысу үлесін) мемлекет тікелей немесе жанама иеленетін заңды тұлғаларға тиесілі салаларының объектілеріне жатқызу өлшемдері**

7. Экономиканың стратегиялық маңызы бар және жарғылық капиталындағы акциялардың бақылау пакетін (қатысу үлесін) мемлекет тікелей немесе жанама иеленетін заңды тұлғаларға тиесілі салаларының объектілеріне жатқызу өлшемдері

Объектілердің осы санатына:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2019 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) су шаруашылығы объектілері – гидротехникалық құрылыштар: су ресурстарын басқару үшін пайдаланылатын су қоймаларының гидрораптары, шлюздері, бөгеттері;

3) республикалық маңызы бар байланыс, теле және радиохабарларын тарату объектілері;

3-1) жарылғыш және улы заттарды сактау жөніндегі заңды тұлғалардың объектілері ;

4) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.12.2012 N 1584 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.12.2012 N 1584 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2016 № 911 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2019 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 7 қазандагы  
№ 1151 қаулысымен  
бекітілген

**Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптар**

**1-бөлім. Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптар**

**1. Жалпы ережелер**

## 1. Осы Талаптарда пайдаланылатын терминдер:

1) қауіпсіздік - объектінің қорғалу жай-күйі, бұл кезде қандай да бір қатердің болуынан не оның салдарының әсерінен оған зиян келтіруге байланысты жол берілмейтін тәуекел болмайды;

2) объектінің қауіпсіздігіне төнген қатер - объектіге қатысты теріс салдардың басталуына әкеп соғуга қабілетті, адамның (адамдар тобының) құқыққа қарсы әрекеттерінен болатын қатер;

3) бақылау-өткізу пункті (бұдан әрі – БӨП) – адамдарды және көлік құралдарын бақылауды, өткізуді және тексеруді қамтамасыз етуге арналған арнайы жабдықталған орын;

4) тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар - қару-жарақты, әскери техниканы және басқа да әскери мүлікті сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ өрт, авария және дүлей зілзала жағдайларында туындауы мүмкін төтенше жағдайлардың әсерінен халықты, шаруашылық объектілерін және қоршаған ортаны қорғауға арналған арсеналдардың, базалардың және қоймалардың жанындағы жергілікті жер учаскелері;

5) тұзақтар - жергілікті учаскелерді (тамбурлар, дәліздер, ішкі есіктер, желдеткіш қораптар, сондай-ақ ампуладағы немесе пакеттегі химиялық қоспалар, оның ішінде аса құнды және бағалы бұйымдар мен заттарды, ақшаны және т.с.с. сақтау және орналастыру орындарында ақша бұмасы тәрізді жасалған) жабдықтау үшін пайдаланылатын сигнализацияны қосымша техникалық құралдары;

6) техникалық нығайтуды қүшету және қауіпсіздік жүйелерімен жарақтау шаралары - ғимараттардың, үй-жайлардың конструкциялық элементтерінің беріктік қасиеттерін жақсартуға және санкциясыз кіруді анықтаудың, сондай-ақ өртті анықтау мен сөндірудің техникалық құралдарын тиімді пайдалануға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

6-1) сырғыма перде - үй-жайларды немесе аумақты бөгде адамдардың кіруінен қорғауға, мүліктің және терезелер мен есіктердің тұтастығын сақтауға арналған, адамдарды және материалдық бағалы заттарды кедергісіз эвакуациялауға мүмкіндік бере отырып, жедел жағдайларда ішкі жағынан тез ашылады;

7) объект – ғимарат, құрылыш немесе міндетті күзетілуі тиіс тауар-материалдық құндылықтар немесе өзге де заттар шоғырланған жергілікті жер учаскесі, сондай-ақ радиоактивті қалдықтары бар аумақтар;

7-1) радиоактивті қалдықтары бар аумақтар – ядролық сынақтар жүргізілген жерлер ;

8) оқшауланған үй-жай - материалдық құндылықтар мен міндетті түнде күзетілуі тиіс өзге де заттарды сақтауға мүмкіндік беретін, белгіленген талаптарға сәйкес техникалық нығайтылған үй-жай;

9) периметр - күзетілетін аумақтың (аймақтың) қоршалған құрылымың конструкцияларымен (тосқауылдармен) және бақылау-өткізу пункттерімен жабдықталған шегі;

10) оқшаулау жолағы - бақылау-із кесу жолағын жабдықтауға және күзет сигнализациясы құралдарын орналастыруға арналған периметрлік қоршаудың ішкі жағындағы жер учаскесі, онда бөгде адамдардың болуына тыйым салынады;

11) күзет шебі - объектінің белгілі бір аймағын немесе үй-жайды (периметр, көлем, оларға келу жолдары) бақылайтын инженерлік-техникалық құралдардың жиынтығы, олардан өту кезінде объектінің жай-күйін бақылау жабдығына немесе алып жүргуге, болатын хабарландырыштарға (дыбыс, жарық индикациясы) тиісті хабарлама беріледі ;

12) механикалық қорғау құралдары - ғимараттар мен үй-жайлардың әр алуан бекіту құрылғыларымен (құлыптар, жапсырмалар, торлар, сырғыма переделер және т.с.с) жабдықталған, объектілерді бұзып кіруден тиісінше қорғауды қамтамасыз ететін және кіруді, сондай-ақ ұрланған заттар мен бұйымдарды алып шығуды барынша қыннататын конструкциялық элементтердің (қабырғалар, еден, төбе, есіктер, терезе жақтаулары) жиынтығы;

13) тексеру жүйелері мен құралдары - бұл тыйым салынған заттар мен бұйымдарды санкциясыз алып өтуді немесе өткізуді анықтауға арналған техникалық құралдардың жиынтығы;

14) өткізу режимін реттейтін құралдар – мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің персоналы мен келушілердің өтуін бақылауға арналған құрылғылар;

15) объектінің (үй-жайдың) техникалық нығайтылуы - ғимараттардың, үй-жайлардың, олардың периметрлерінің конструкциялық элементтерін инженерлік қорғаудың, арнайы техникалық күзет құралдарының жиынтығы (күзет, дабыл сигнализациясы жүйелері; кіруді бақылау жүйелері; телевизиялық бақылаудың бейнебақылау және бейнекүзет жүйелері; радиоактивті, химиялық және өзге де улы заттарды анықтау детекторлары; қаруды, жарылғыш заттар мен құрылғыларды анықтау детекторлары) және өрт сигнализациясы жүйелері, сондай-ақ өртті автоматты түрде анықтау және сөндіру жүйелері;

16) бірегей объект - сәулеттік жоспарлануы ерекше немесе тарихи құнды объект;

17) күзет сигнализациясының техникалық құралы - күзет сигнализациясы жүйесіне, кешеніне кіретін, дербес функцияларды атқаратын конструктивті аяқталған (аппараттық-бағдарламалық) құрылғы;

18) күзет сигнализациясы жүйесі - күзетілетін объектінің тұтастығын бұзуды анықтауда, объектінің тұтастығын бұзу туралы ақпаратты және басқа ақпаратты жинауда, өндеуде, беру мен тұтынушыға берілген түнде ұсынуда бірге қолданылатын техникалық құралдардың жиынтығы;

19) хабарламалар беру жүйесі (ХБЖ) - объекті тұтастығының бұзылуы, жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына қылмыстық қол сұғу туралы хабарларды, бақылау-диагностикалық хабарларды байланыс арналары бойынша беру және оларды орталықтандырылған күзет орындарында (бұдан әрі - ОКО) қабылдау, сондай-ақ телебасқарманың бұйрықтарын беру және қабылдау үшін бірге қолданылатын техникалық құралдардың жиынтығы. ХБЖ ақырғы құрылғыларды (бұдан әрі - АҚ) объектілерде, ретрансляторлардың (Р) аралық орындарында (АТЖ кростары, радио ретрансляторлары және т.б.) және орталық бақылаушыларды (терминал, орталықтандырылған бақылау пульті - ОБП) орталықтандырылған күзет орындарында орналастыруды көздейді. АҚ күзетіletіn объектіде қабылдау-бақылау аспабынан (бұдан әрі - ҚБА) немесе тікелей күзет және дабыл хабарлаушы құрылғылардан келіп түсетін хабарды қабылдау және беру үшін орнатылады;

20) күзет сигнализациясының шебі - электр тізбегімен дәйектілікпен біркітірілген, осы тізбекке енгізілмеген басқа техникалық құралдардан тәуелсіз, күзетіletіn аймаққа (аймақтың) кіру (кіруге әрекет) туралы хабарлама беруге мүмкіндік беретін күзет сигнализациясының бірлесе әрекет ететін техникалық құралдарының жиынтығы;

21) күзет сигнализациясының көп шепті кешені - екі немесе одан көп күзет сигнализациясы шептерінің жиынтығы, бұлардың әрқайсысында күзет сигнализациясының әртүрлі физикалық іс-әрекет қағидаттарына негізделген техникалық құралдары қолданылады;

22) күзет сигнализациясының шлейфі - қосалқы элементтері мен дәнекер сымдары бар және тұтастықтың бұзылуы немесе ақаулығы туралы хабарларды ОБП-ге беруге, ал кейбір жағдайларда күзет хабарлаушы құрылғыларына электр қорегін беруге арналған күзет хабарлаушы құрылғыларының сыртқы тізбектерін қосатын электрлік тізбек;

23) күзет сигнализациясы жүйесінің, кешенінің желілік бөлігі - күзет, дабыл сигнализациясы шлейфтерінің; күзетіletіn объектілер тұтастығының бұзылуы туралы хабарларды ҚБА-ға немесе ХБЖ-ға байланыс арналары немесе жеке желілер арқылы беруге арналған дәнекер желілердің, кәбілдер мен сымдарды, жер асты кәрізді, кәбілдер мен сымдарды салуға арналған құбырлар мен арматураларды қосуға және олардың тарамдануына арналған құрылғылардың жиынтығы;

24) арнайы техникалық күзет құралдарындағы хабар деп электр магнитті, электр, түрлі түсті және (немесе) дыбыстық сигналдар арқылы беріletіn АҚ, ҚБА немесе ХБЖ-ның (күзетіletіn объектіде орнатылған) және хабар беру арналарының бақыланатын жай-қүйі параметрлерінің өзгеруі туралы ақпаратты беретін хабарламаны атайды. Хабар дабыл және қызметтік болып екіге бөлінеді. Қызметтік хабар техникалық жүйелерді қосу-сөндіру, аппаратураның немесе байланыс арнасының және т.б. техникалық жай-қүйінің диагностикасы туралы ақпараттан тұрады;

25) ХБЖ-нің мониторингі - ХБЖ-нің (ОБП-нің) терминалымен "Күзет" режиміндегі жұмыс кезеңіне оның сыртқы АҚ-сын, сондай-ақ хабар беру арнасының ақпараттық

алаңын қашықтан автоматты бақылау жасауға мүмкіндік беретін хабар беру жүйесінің функциясы;

26) күзет сигнализациясының объектілік жүйесі - күзетіletіn объектілерде бақыланатын параметрлердің өзгеруін автоматты түрде анықтауға, ақпаратты беруге, жинауға, өндеуге және берілген күйінде ұсынуға арналған бірге қолданылатын техникалық құралдардың жиынтығы;

27) күзет-дабыл сигнализациясының кешенді жүйесі - күзет-дабыл сигнализациясының объектілік жүйесі мен ХБЖ-нің күзетіletіn объектілерде бақыланатын параметрлерінің өзгеруін анықтауға, ақпаратты беруге, жинауға, өндеуге және берілген күйінде ұсынуға арналған техникалық құралдардың жиынтығы;

28) күзетіletіn объект - материалдық немесе басқа да құндылықтары бар жеке үй-жай (аумақ) немесе жалпы аумаққа біріктірілген және бөлімшелер күзеттіn біr немесе біrnеше ғимараттар шегінде орналасқан біrnеше үй-жай;

29) күзетіletіn аймақ - күзет сигнализациясының объектілік жүйесі арқылы бақыланатын параметрлер өзгеруінің анықталуы мүмкін (тиіс) ғимараттың және/немесе аумақтың (объектінің) біr бөлігі;

30) қорғалған аймақ - ұдайы күзетіletіn және бақыланатын, физикалық тосқауылдармен қоршалған, жекелей немесе жиынтығымен рұқсат етілмеген іс-қымыл объектісі болуы мүмкін жүйелері, жабдықтары, құрылғылары және материалдары бар ғимараттар, үй-жайлар орналасқан объектінің алаңы, оған кіру шектелген және бақыланады;

31) дабыл жай-күйі - күзет, дабыл сигнализациясы жүйесінің немесе жүйенің бақыланатын параметрлерінің өзгеруіне ден қою нәтижесі болып табылатын бөлігінің жай-күйі, бұл кезде ол дабыл туралы хабар береді;

32) бақылау жай-күйі - күзет-дабыл сигнализациясы жүйесі кешенінің жай-күйі, бұл кезде оның жұмыс істеуін тексеру қамтамасыз етіледі;

33) іріткі салу жай-күйі - күзет-дабыл сигнализациясы жүйесі кешенінің әдейі қалыптастырылған жай-күйі, бұл кезде жүйенің біr бөлігі зақымдалады;

34) дабыл туралы хабар - дабыл жағдайында күзет, дабыл сигнализациясы жүйесі арқылы қалыптасадын хабар;

35) ақаулығы туралы хабар - ақаулық жай-күйі туралы күзет, дабыл сигнализациясы жүйелерінен құрылған хабар;

36) санкцияланбаған кіруден қорғау құрылғысы - күзет-дабыл сигнализациясы жүйесі кешенінің элементіне немесе құрамдас бөлігіне санкциясыз кіруді анықтауға арналған құрылғы;

37) санкцияланбаған кіруге әрекеттенуді анықтау - сигнализация жүйесінің кешеніне немесе оның бөлігіне кіруді анықтауға арналған қорғау құрылғысын пайдалану;

38) электр қорегінің көзі (электр энергиясының көзі) - күзет-дабыл сигнализациясы жүйесінің кешені элементтерінің немесе оның бөліктерінің біреуінің жұмыс істеуіне қажетті электр қорегімен қамтамасыз ететін жүйенің бөлігі;

39) хабарлаушы - бақыланатын параметрлердің өзгеруі анықталған кезде дабыл жай-күйін қалыптастыруға арналған құрылғы;

40) қашықтағы орталық - күзетілетін объектілерден қашықтағы қызмет көрсетілетін орталық, оған бір немесе бірнеше күзет, объектілік жүйелердің дабыл сигнализациясының жай-күйі туралы ақпарат келіп түседі;

41) дабыл туралы хабарды қабылдау орталығы - күзетіletіn аймақтан тыс орналасқан, күзет-дабыл сигнализациясының бір немесе бірнеше объектілік жүйелерінің жай-күйі туралы ақпаратты жинау және сактау (дабыл туралы хабарды қабылдау орталығы) немесе тарату (аралық қондырғы немесе ақпаратты жинау орны) жүзеге асырылады;

42) қадағалау орталығы (ОБП бар орталықтандырылған мониторинг пункті) - қызмет көрсетіletіn қашықтағы орталық, хабар беру жүйесінің жай-күйін бақылау жүзеге асырылады. Диспетчерлік пункт бірқатар объектілерді тәртіп бұзушының кіруінен және басқа да хабар беру жүйелерін пайдалана отырып жасалатын тәртіп бұзушылықтардан орталықтандырып күзетуге, күзет объектісіне шабуыл жасалған жағдайда дабыл сигнализациясын қолдана отырып көмек шақыруға арналған;

43) қолмен басқаратын органдар — басқару құрылғысының жұмыс істеуіне әсер етуге арналған қолмен сөндіргіштер, кнопкалар немесе басқару пернелері;

44) автоматтандырылған күзет сигнализациясы жүйесі - басқа жүйелерге, мысалы, электр байланысы жүйесіне жүгінбестен, жауапты адамның, пайдаланушының, меншік иесі немесе тұрғынның басқаруымен қалыпты жағдайдан сөндіруді және кері жағдайға автоматты түрде ауысады қамтамасыз ететін күзет сигнализациясының жүйесі;

45) дабыл сигнализациясының қолмен басқарылатын жүйесі - қалыпты жағдайдан сөндірулі және кері жағдайға ауысады автоматты емес түрде қамтамасыз ететін күзет сигнализациясының жүйесі;

46) күзет хабарлағышы - бақыланатын параметрлердің өзгеруін анықтауға және заң бұзушылық туралы хабарды беруге арналған техникалық күзет сигнализациясының құралы;

47) күзет хабарлағышының сезгіштігі - бақыланатын параметр өзгерген жағдайда хабарлаушы іске қосылатын оның сандық мәні;

48) радиотолқынды күзет хабарлағышы - анықтау аймағындағы АЖЖ диапазондағы электромагнита толқындарының ауытқуы кезінде бақыланатын параметрлердің өзгеруі туралы хабарды қалыптастыратын күзет хабарлағышы;

49) белсенді оптикалық-электрондық күзет хабарлағышы - хабарлағыш құрылғысының оптикалық сәулелену энергиясы шағылған тасқынының (бір диапазонды хабарлағыш құрылғысы) қалыпты өзгеруі (тоқтаған), қабылданатын

тасқыны өзгеруі кезінде заң бұзушылық туралы хабарды қалыптастыратын күзет хабарлағышы;

50) магнитті-түйіспелі хабарлағыш - хабарлағыш құрылғысының элементтері жасайтын магнитті ерістің қалыпты өзгеруі кезінде заң бұзушылық туралы хабарды қалыптастыратын күзет хабарлағышы;

51) акустикалық күзет хабарлағышы - анықтау аймағында қалыпты деңгейдегі акустикалық толқындар пайда болғанда заң бұзушылық туралы хабарды қалыптастыратын күзет хабарлағышы;

52) бәсенді оптикалық-электрондық күзет хабарлағышы - анықтау аймағына енген адамның инфрақызыл сәулелену өзгерісінің қалыпты жылдамдығы кезінде заң бұзушылық туралы хабарды қалыптастыратын күзет хабарлағышы;

53) пьезоэлектрондық күзет хабарлағышы - қатты денеге физикалық әсер еткенде онда пайда болатын қатты толқындардың әсер етуі кезінде заң бұзушылық туралы хабарды қалыптастыратын күзет хабарлағышы;

54) қолмен басқарылатын күзет хабарлағышы - қолмен немесе өзге де автоматты емес тәсілмен (мысалы аяқпен) жұмыс істеуге келтірілетін күзет хабарлағышы;

55) ультрадыбысты күзет хабарлағышы - заң бұзушыны анықтау аймағында электромагнитті ультрадыбыстық диапазон толқындарының қалыпты ауытқуы кезінде заң бұзушылық туралы хабарды қалыптастыратын күзет хабарлағышы;

56) қыстырылған күзет хабарлағышы - бір электронды сызбамен байланысқан физикалық қағидат бойынша конструкциялық жағынан әртүрлі екі немесе бірнеше сезгіш элементтері бір корпуста орындалған күзет хабарлағышы;

57) сыйымдылық күзет хабарлағышы - сезгіш элементінің сыйымдылығы қалыпты өзгерген кезде заң бұзушылық туралы хабарды қалыптастыратын күзет хабарлағышы;

58) индуктивті күзет хабарлағышы - сезгіш элементінің индукциясы қалыпты өзгерген жағдайда заң бұзушылық туралы хабарды қалыптастыратын күзет хабарлағышы;

59) күзет сигнализациясының хабарлағышы - объекті тұтастырының бұзылуы туралы адамдарды хабардар етуге, күзетіletіn аймақтан жоюға арналған техникалық күзет сигнализациясының құралы;

60) ПКП (бақылау панелі) - хабарлаушылардан (сигнализация шлейфтерінен) немесе басқа ПКП-ден хабарлама қабылдауға және анықтауға, дабылдарды өзгертуге, хабарлама беруге және хабарлаушы құрылғыларды қосуға, ал кейбір жағдайларда күзет хабарлағыштарын электр қоректендіруге арналған техникалық күзет сигнализациясының құралы;

61) кіруді бақылау және басқару құралдары мен жүйелері (бұдан әрі - КББК) - техникалық, ақпараттық, бағдарламалық үйлесімділігі бар және адамдар мен көліктің кіруіне бақылау жасауды және басқаруды жүзеге асыратын, бірге қолданылатын бақылау мен басқарудың техникалық құралдарының (механикалық,

электромеханикалық, электрлік, электрондық құрылғылар, конструкциялар және бағдарламалық құралдар) жиынтығы;

62) бейнебақылаудың телевизиялық жүйесі (бұдан әрі - БТЖ) - техникалық, ақпараттық, бағдарламалық және пайдалану үйлесімділігі бар және телевизиялық бақылауды жүзеге асыратын бірге әрекет ететін техникалық құралдар жиынтығы;

63) жедел байланыс жүйесі — объектінің күзету қызметінің жұмысын жедел басқаруды қамтамасыз етуге арналған және арнайы бөлінген байланыс арналары пайдаланылатын байланыс жүйесі;

64) Көлік құралдарының күзет және мониторинг жүйесі - қозғалыстағы объектінің кеңістіктік-уақыттық жағдайын анықтау үшін жүйені пайдаланатын деректерді беру арналарымен өзара байланысқан және көлік құралдарына қылмыстық қолсұғушылыққа қарсы іс-қимыл жасауға арналған техникалық құралдар жиынтығы;

65) объектінің осал жерлері - заң бұзушының кіру әрекетін жасауы неғұрлым ықтимал аумақ, акватория, құрылыш конструкциясы (ғимарат, құрылыш) немесе үй-жайдың қоршау фрагменті;

66) бөлімшелер (бұдан әрі – бөлімшелер) – объектілерді мемлекеттік күзетуді қамтамасыз ететін Мемлекеттік күзет қызметін, Қарулы Күштерді, Ішкі істер министрлігін қамтиды;

67) күзет бекеті - объектінің немесе оның бөлігін күзетуді қамтамасыз ететін полиция жасақшасы;

68) бақылау мұнарасы - күзетіletіn объектінің/аумақтың периметрін бақылауға және дабыл сигналдарын беруге арналған құрылыш.

69) пилотсыз ұшу аппараты – бортындағы пилотсыз (экипажсыз) ұшуды орындайтын және ұшуда оператор басқару пунктінен автоматты түрде немесе көрсетілген тәсілдерді үйлестіре отырып басқаратын әуе кемесі (бұдан әрі – ПҰА);

70) объектілердің персоналы – объектінің, оның ішінде оның жалға алынатын алаңдарында қызметін жүзеге асыратын басшылары, жұмыскерлері, қызметкерлері.

**Ескеरту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - КР Үкіметінің 13.12.2012 N 1584 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.10.2014 N 1098 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2016 № 911 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2020 № 879 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

2. Осы талаптар меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан, қолданыстағы, жаңадан жобаланатын, реконструкцияланатын және техникалық қайта жабдықталатын, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерге қолданылады, сондай-ақ объектілерге қылмыстық қол

сүғуға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында оларды инженерлік-техникалық құралдармен және қауіпсіздік жүйелерімен жараптандырудың нормаларын, тәртібі мен тәсілдерін белгілейді.

Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар объектілерінің инженерлік-техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптар "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғыларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығы мен тиісті мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының бұйрықтарына да сәйкес көзделеді.

Күзетілетін адамдардың болуына арналған террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын қосымша талаптарды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі осы талаптарды, олардың қауіпсіздігін қажетті деңгейде қамтамасыз ететін ұйымдастыруышылық, күзет, режимдік және өзге де шаралардың көлемі мен ерекшелігін ескере отырып белгілейді.

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының режимдік объектілеріндегі біріктірілген қауіпсіздік жүйесін монтаждауға және жабдықтауға қойылатын талаптарды, олардың қауіпсіздігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін осы талаптарды, ұйымдастыруышылық, күзет, режимдік және өзге де шаралардың көлемі мен ерекшелігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы бекітеді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.12.2020 № 879 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Объектінің (үй-жайлардың) техникалық нығайтылуы, арнайы техникалық күзет құралдары (күзет, дабыл сигнализациясы жүйелері, кіруді бақылау жүйелері; телевизиялық бақылаудың бейнебақылау және бейнекүзет жүйелері; радиоактивті, химиялық және өзге де улы заттарды анықтау детекторлары, қаруды, жарылғыш заттар мен құрылғыларды анықтау детекторлары), өрт сигнализациясы жүйелері, сондай-ақ өртті автоматты тұрде анықтау және сөндіру жүйелері объектінің біріктірілген қауіпсіздік жүйесінің құрамдас бөліктері болып табылады және қауіпсіздік жүйесінің барлық құрамын (жеке күзет, өзіндік қауіпсіздік қызметі, аумақтық ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер және мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарымен өзара іс-қимыл жасасу) ескере отырып бағаланады.

4. Объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуының белгіленген талаптарға сәйкестігін, бекеттердің орналасуы мен күзет түрін объектілердің меншік нысанына

және ведомстволық тиесілігіне қарамастан, бөлімшелер мен объектілер әкімшілігі өкілдерінің құрамы жарты жылда бір реттен сиретпей жүргізетін комиссиялық тексерістер нәтижелерінің негізінде объект басшысы мен бөлімшелер белгілейді.

Мемлекеттік күзетілуі тиіс шетелдік дипломатиялық өкілдіктерді, шетелдік консулдық мекемелерді, халықаралық ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерін сыртқы тексеру Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдар өкілдерінің және объектінің меншік иесінің қатысуымен жүргізіледі.

Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар ведомстволық бағынысты объектілердің техникалық нығайтылуын респубикалық және жергілікті бюджеттерде оларды ұстауға көзделген қаражат шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін талаптарға сәйкес келтіреді.

Жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі объектілердің техникалық нығайтылуы олардың өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін талаптарға сәйкес келтіріледі.

Монтаждау-ретке келтіру қызметтерін көрсету саласындағы нарықтың одан әрі жетілуі мен дамуын ескере отырып, уәкілетті органдар мен бөлімшелер қосымша қорғау шебі ретінде объектілер қауіпсіздігінің осы талаптарда айтылмаған, қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында декларацияланған және сертификатталған қазіргі заманғы өзге де техникалық жүйелері мен құралдарын ұсына алады.

**Ескерту. 4-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.02.2019 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құралымдар күзететін объектілерді қоспағанда, барлық объектілерде меншік нысанына қарамастан, объекті әкімшілігі мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшеші (бұдан әрі - МҚҚБ) тарта отырып, ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп:

1) объектілердің және мемлекеттік күзетуді жүзеге асыратын бөліністердің басшылары бекітken өткізу және объектішілік режимді қамтамасыз ету жөніндегі қағиданы;

2) мұдделі мемлекеттік органдардың ұсыныстары бойынша объектілерді күзету және қорғау жоспарларын әзірлейді. Жылына кемінде бір рет уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша объектілерді қорғау бойынша терроризмге қарсы өзара іс-қимыл жасасу шенберінде бірлескен оқу-жаттығулар өткізіледі.

6. Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілер инженерлік-техникалық нығайтылу дәрежесі бойынша мынадай санаттарға бөлінеді:

1) А санаты – мемлекеттік материалдық резервтері бар объектілер – есірткі құралдарын, жанар-жағармай материалдарын сақтау қоймалары, азық-түлік және

күйім-кешек қоймалары; атом энергиясын пайдалану объектілері; әскери-өнеркәсіптік мақсаттағы өнім шығаратын сала объектілері;

2) В санаты – Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдардың объектілері; медициналық мекемелерді және спорттық кешендерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, оның ведомстволарының, аумақтық және өзге де ұлттық қауіпсіздік органдарының, арнайы мақсаттағы бөлімшелердің, оқу орындарының, ғылыми-зерттеу мекемелерінің әкімшілік ғимараттары мен объектілері; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызыметінің әскери бөлімдерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызыметінің, оның ведомстволарының, құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің объектілері; су шаруашылығы объектілері – гидротехникалық құрылыштар: су қоймалардың гидротораптары, шлюздері, бөгеттері, жарылғыш, улы, аса қауіпті, бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттарды әзірлеу, өндіру, синау және сақтау жөніндегі ұйымдардың объектілері мен оқшауланған үй-жайлары; тіршілікті қамтамасыз ету объектілері;

3) С санаты – Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Әскери сотының, облыстық және оларға теңестірілген соттардың, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің, Құқық қорғау органдары академиясының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратураларының әкімшілік ғимараттары мен объектілері; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің объектілері, оның филиалдары мен сақтау қоймалары; Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетелдік дипломатиялық өкілдіктер, шетелдік консулдық мекемелер, халықаралық ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері; республикалық маңызы бар байланыс, теле және радиохабар тарату объектілері; ғарыш инфрақұрылымының объектілері.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - КР Үкіметінің 13.12.2012 N 1584 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2013 N 1368 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2016 № 911 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2019 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2020 № 879 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

7. Объект ішіндегі барлық оқшауланған үй-жайлар кіру мүмкіндігіне қарай негізгі үш аймаққа бөлінеді:

1) бірінші аймақ – персонал мен келушілерге кіру шектелмеген обьектінің ғимараттары, аумақтары, үй-жайлары;

2) екінші аймақ – персоналдың шектеулі құрамына, сондай-ақ обьектіге біржолғы рұқсаттама бойынша немесе обьект персоналымен ілесіп жүретін келушілерге кіруге рұқсат етілген үй-жайлар;

3) үшінші аймақ – қатаң айқындалған персонал құрамы, обьектінің бірінші басшысының (оның міндеттін атқаратын тұлғаның) рұқсатымен және обьектінің арнайы бөлінген қызметкері ілесіп жүретін келушілер кіретін обьектінің арнайы үй-жайлары.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі құзететін обьектінің аймақтарына кіру Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен келісу бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

8. Объектілер мен үй-жайлар конструкциялық жағынан сәулетті-жоспарлы орындалуы және жиынтығында тиісінше қорғауды қамтамасыз ететін техникалық қауіпсіздік жүйелерімен жарақталуы тиіс.

9. Осы Талаптарда объектілер мен үй-жайлардың конструкциялық элементтерін қорғауды күшету тәсілдері белгіленген.

## **2. Сыртқы қоршау конструкцияларының техникалық нығайтылуына қойылатын талаптар**

10. Аумағы бар, мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілер периметрі бойынша адамдар мен көлік құралдарының БӨП-ті айналып өтіп, обьектіге еркін өтуіне және обьектіден еркін шығуына кедергі жасайтын қоршаумен жабдықталады.

Қала құрылышы, ландшафт және климаттық жағдайларды есепке ала отырып, қалалық құрылыштың сәулет-көркемдік келбеті мен ансамблі бұзылатын жағдайда, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын қоспағанда, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің, ұйымдарының және ведомстволарының әкімшілік ғимараттарының, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы объектілерінің іргелес аумағы периметрі бойынша қоршаумен жабдықталмайды.

Су шаруашылығы обьектілері бөлімшениң келісімі бойынша обьектінің ықтимал қауіпті участеклерінде ғана қоршаумен жасақталады.

Көрсетілген обьектілер адамдарды есепке алған контингент санаттары бойынша айырып-танаип білуді, обьектілер мен жағдайларды бейнебақылау камералары бойынша табуды қамтамасыз ететін зияткерлік ақпараттық жүйелермен жарақтандырылады.

Ескертпе: жеткілікті негіздер мен құралдар болған кезде магистральдық құбыржолдар мен кен орындарының аумақтары да адамдар мен көлік құралдарының

БӨП-ті айналып өтіп, объектілердің күзетілетін аймақтарына еркін өтуіне кедергі жасайтын қоршаумен жабдықталуы мүмкін.

Осы тармақтың талаптары радиоактивті қалдықтары бар аумақтарға қолданылмайды.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.12.2020 № 879 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11. Қоршау күрделі құрылыштар болып табылады және үлгі жоба бойынша салынуы тиіс. Негізгі қоршаулардың ең жетілдірілген үлгісі қазуға төтеп беру түрғысынан темір бетон цокольмен немесе жерге 200-400 мм қазылған арматуралық тормен қүштейтілген темір бетон және тор көзді болып табылады.

Объектілер аумақтары қоршауының биіктігі кемінде 2,5 метр темірбетон тақталарынан немесе қалындығы кемінде 2 мм тұтас металл қаңылтырдан, ал қар түскендеңі тереңдігімен бір метрден көп аудандарда - кемінде 3 метр жасалады. Объектілердің ерекшеліктерін ескере отырып, МКҚ-мен келісім бойынша оның маңындағы құрылыштардың жалпы кейпіне сай металл конструкциялар (қалындығы кемінде 18 мм, арасындағы саңылау 100 мм-ден аспайтын шыбық түрінде жасалған металл торлы дуал) жасауға рұқсат етіледі. Қоршау тік бұрышты, бақылау және техникалық күзет құралдарының қолданылуын қынданататын иіндер мен бұрылыштарсыз, сыртқы томпақ жерлер мен ойықтарсыз болуы керек.

Жарылғыш, аса қауіпті, бактериологиялық, биологиялық заттарды, иондаушы сәулелендіру көздерін, радиоактивті және қосарланған мақсаттағы материалдарды әзірлеу, өндіру, сынау бойынша жұмыстарды атқарумен айналысатын ұйымдардың объектілері мен үй-жайларының инженерлік-техникалық нығайтылуына "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" гигиеналық нормативтеріне, "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына, Ядролық материалдарды және ядролық қондырғыларды физикалық қорғау қағидаларына сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша арнайы талаптар қолданылады.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 911 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11-1. Жарылғыш заттардың жерүсті тұрақты қоймаларына қойылатын талаптар:

1) су бұру арықтарының болуы тиіс;

2) жолдар және келу жолдары таза және жарамды күйде ұсталуы тиіс;

3) сақтау орындары олардың әрқайсысына еркін жақындауды және келуді қамтамасыз ететіндей орналастырылады;

4) Жарылыс жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының 11-қосымшасына сәйкес белгіленген қойма аумағы мен одан тыс жерлердегі бөлек сақтау орындарының, сақтау орындарының және түрлі ғимараттар мен құрылыштардың арасында белгіленген өртке қарсы ажыраулардан кем емес арақашықтықты ұстанады;

5) қоймалар қоршалады және қоршаудан ені кемінде 50 метр тыйым салынған аймақ болады. Тыйым салынған аймақтың шекараларында қоршау және ескерту белгілері қойылады.

Қойма аумағына қарауыл мұнаралары, күзет иттеріне арналған үйшіктер, шамдары, прожекторлары бар мұнаралар (діңгектер, бағаналар), өртке қарсы құралдарды және жабдықтарды сақтауға арналған үй-жай, өртке қарсы су айдындары, өту үйшіктерін (бақылау-өткізу пунктін) орналастыруға жол беріледі.

Қойманың тыйым салынған аймағынан тыс қауіпті аймақ шегінде жарылғыш материалдарды жою және сынау полигоны, ыдыстарды өртеу, қарауыл үй-жайын, қоймаға қызмет көрсететін персоналға арналған әкімшілік-тұрмыстық үй-жайды, механикаландыру құралдарына қызмет көрсету және толтыру пункттерін, қазандықтарды, отын қоймасын, су еткізу және көріз сорғы станцияларын, трансформаторлық шағын станцияларды, дәретхана орналастыруға жол беріледі.

Қоршаудан ең жақын сақтау орнына дейінгі қашықтық - кемінде 40 метр, таулы жерлерде бұл қашықтықты азайтуға жол беріледі.

Қоршау темір бетон немесе металл торлы құрылымдардан (қалындығы кемінде 18 мм, арасындағы саңылау 100 мм-ден аспайтын сымнан жасалған), кірпіштен, металл табақтардан (қалындығы кемінде 2 мм), немесе тордан (диаметрі кемінде 5 мм және ұяшығының өлшемі 70 x 70 мм, бірақ ұяшығының өлшемі 150 x 150 мм болған кезде 10 мм артық емес арматурадан) жасалады.

Қоршау биіктігі кемінде 2,5 метр, қазуға төтеп беру тұрғысынан темір бетон цокольмен немесе жерге 200 - 400 мм қазылған арматуралық тормен күшетілген болуы тиіс.

Қоршауда құлыппен бекітілетін қақпа мен есік орнатылады.

Қойманың және оның айналасындағы тыйым салынған аймақтың аумағы ағаштар мен бұталар. құрғақ шөп және басқа да онай тұтанатын заттардан тазартылады.

**Ескерту. 2-бөлім 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 911 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

12. Қажет болған жағдайда Бөлімшемен келісе отырып, объектілердің сыртқы қоршауының жоғарғы жиегіне "Егоза" үлгісіндегі сымнан жасалған қосымша "құнқағар" орнатылады.

13. Сыртқы қоршауда жабылмайтын есіктер, қақпалар, кішкене қақпалар, сондай-ақ тесіктер, сыналар және басқа да зақымданулар болмауы керек.

Қажет болған жағдайда негізгі кіретін есіктер, қақпалар немесе қақпа есіктері дыбыс пен түрлі-түсті бейнені беретін бейнекамералармен жасақталған құрылғылармен (домофон) жабдықталады.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

14. Қоршауға оның периметрінің бір бөлігі болып табылатын ғимараттардан басқа қандай да бір құрылымы жапсарлас орналаспауға тиіс, бұл ретте күзетілмейтін аумаққа шығатын ғимараттардың бірінші қабаттарының, сондай-ақ кіретін есік күнқағарынан, өрт сатысынан және жапсарлас құрылыштардың төбелерінен кіруге болатын келесі қабаттардың терезелері қажетті жағдайда жабылуы тиіс сырғыма переделермен жабдықталуға тиіс. Ғимарат маңындағы құрылыштардың жалпы кейпіне сәйкес келтіру қажет болған жағдайда, тәбе жағы шыныланған, арнайы ұлдірмен қүшетілген, сондай-ақ Бөлімшелермен келісілген өзге де техникалық шараларды пайдалануға рұқсат етіледі.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.12.2012 N 1584 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

15. Қажет болған жағдайда сыртқы қоршаудың ішкі жағынан оқшаулау жолағы көзделеді. Бөгеттің акваториясын қоспағанда, гидротехникалық құрылыштар (су қоймалары, гидротораптар) үшін оқшаулау жолағы бөгетке дейін кемінде 500 метр қашықтықты және металл тор орнатылған қоршауды ескеруге тиіс.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16. Оқшаулау жолактарында:

- 1) сыртқы қоршау (периметр бойынша);
- 2) аралаушы жасақтың журуіне арналған сурлеу;
- 3) бақылау-із кесу жолағы;
- 4) электрмен жарықтандыру жүйесі;
- 5) күзет орындарының қалқандары немесе мұнаралар;
- 6) қауіпсіздік пен байланыс құралдарының периметрлік жүйесі;
- 7) бейнебақылау жүйесі;
- 8) оқшаулау жолағының қоршауы орналастырылады.

17. Оқшаулау жолағы ұқыпты жоспарланып, тазалануы тиіс. Онда техникалық қауіпсіздік жүйелерін пайдалануды және көзбен бақылауды қынданататын ешқандай құрылыштар мен заттар болмауға тиіс.

18. Оқшаулау жолағының ені техникалық күзет құралдарын орналастырудың мүмкіндігін ескере отырып таңдалады және кемінде 3 м құрайды.

19. Оқшаулау жолағы күзетуде қызметтік иттерді қолдану үшін пайдаланылуы мүмкін. Мұндай жағдайда сыртқы қоршаумен қатар биіктігі кемінде 2,5 м болатын ішкі торлы немесе қада қоршау орнатылады.

20. Бақылау-із кесу жолағына (бұдан әрі - БІЖ) мынадай талаптар қойылады:

1) объектінің барлық периметрі бойынша өтудің үздіксіз болуы;

2) енінің секіріп өтуді болдырмайтында жеткілікті болуы;

3) із қалдырмай өтуді жеңілдететін заттардың болмауы;

4) барлық өту трассасы бойынша оны өңдеу кезінде механикаландыру құралдарын пайдалану мүмкіндігі.

21. БІЖ жасанды және табиғи болуы мүмкін. Жасанды бақылау-ізкесу жалпақтығы 3 метрден кем орнатылмайды.

Табиғи БІЖ-ның жалпақтығы тыйым салынған аймақтардың мөлшеріне және объектінің орналасу шарттарына қарай одан да үлкен болуы мүмкін. БІЖ-ның қажетті жалпақтығын жабдықтауға мүмкіндік жоқ участкерлер инженерлік бөгеттермен қалқаланады.

22. Табиғи БІЖ құрылғысы оның орналасатын шекарасын белгілеуді және жергілікті жерді бастапқы дайындауды қамтиды (бөгде заттардан тазалау, тыйым салынған аймақтың жерін жоспарлау, жаңбыр суының, еріген, жер асты суының ағып кетуіне, көгал егуге арналған құрылғыларды жабдықтау және басқа жұмыстарды орындау).

23. Жасанды бақылау-із кесу жолағы жыртылуға не топырақ төгілуге тиіс. Жыртылған жердің тереңдігі (топырақ төгіндісі биіктігі) кемінде 15 см болмауға тиіс.

24. Жыртылған және топырақ төгілген бақылау-із кесу жолақтары тырмаланып және оның үстіне жол төсеушінің көмегімен толқын тәрізді кескін салынып, жұмсақ-ұлпілдек құйге келтіріледі.

Тыйым салынған аймақтың темір, тас және топырақ жолдарымен қылышқан жерлерінде үйілген БІЖ жабдықтау қажет.

БІЖ-ның бұлақтармен, шұңқырлармен, жыралармен қылышқан жерлерінде алшақтау орындарын болдырмау үшін үйілген БІЖ жабдық алатын өткелдер (төсеніштер) салынуы тиіс. Өткелдердің (төсеніштердің астындағы кеңістік инженерлік бөгеттермен қалқаланады және анықтау құралдарымен жабдықталады.

БІЖ-ны жауынның және еріген судың шайып кетуінен қорғау үшін БІЖ-ге судың жиналудын болдырмайтын дренаж және кювет (шұңқырлар) орнату, тормен жабылып, анықтау құралдарымен жабдықталған су бұру және су өткізу құбырларын төсеу жолымен жер үсті суларын бұру бойынша жұмыстар жүргізу қажет.

25. Жасақшылардың көлік құралдарымен жүруі үшін объектішілік жол желісі, сондай-ақ тыйым салынған аймақта немесе еніне байланысты құрылатын арнайы жолдар (кузет жолдары) пайдаланылуы керек.

Күзет жолдары анықтау құралының әрекет ету аймағынан тыс болуы, объектілердегі автомобиль және темір жолдарымен қиылышатын жерлері мейілінше аз болуы және белгіленген үлгідегі жол белгілерімен жабдықталуы қажет.

Ескертпе: күзет жолдары әдетте жүру бөлігінің ені 3,0-3,5 метр болатын автомобиль қуралының бір бағытта қозғалуы үшін қурылады. Бұрылу және жолда қарсы келген көліктен айналуы үшін, қажет болған кезде жергілікті жағдайға байланысты әрбір 500-1000 метр сайын 2,5-3,0 метрге кеңейтілуі керек.

26. Күзет жасақшыларының сүрлеулері олардың қозғалуына қолайлы болуға арналады. Ол күзет жолдары болмағанда немесе бұл жолдар БІЖ-ден 4 метрден астам қашық болған жағдайда бақылау-ізкесу жолағының бойынан салынады. Жасақшылардың сүрлеулері топырақтан, ағаштан жасалған жабыннан, асфальттан, бетоннан немесе темір бетоннан жасалуы мүмкін. Жасақшылар сүрлеуінің кез келген түрінің ені 0,75-тен 1,0 метрге дейін болуы керек. Ағаштан жасалғандарынан басқа, жасақшылардың маршрутының ұзына бойы кюветтермен жабдықталады.

27. Күзеттің инженерлік-техникалық құралдарына (бұдан әрі - КИТҚ) қызмет көрсету жөніндегі маманның жолы негізгі қоршаудың бойына салынады және анықтау құралдарының желілік бөлігіне құралдың және негізі қоршауга орналастырылған басқа да техникалық қауіпсіздік жүйелеріне қызмет көрсету кезінде персоналдың онымен жүруіне арналған. Ол жабын жабылған немесе онсыз ені кемінде 70 см болуы мүмкін.

28. Өткізу режимі орнатылған немесе оның қолдануы жоспарланған барлық объектілер БӘП-пен жабдықталады.

29. БӘП саны барынша аз және адамдар мен көлік құралдарының қажетті өту қабілетін қамтамасыз етуі тиіс.

БӘП ғимараттарының (құрылыштарының) сыртқы қоршау конструкциялары (қабырғалар мен жабын) құқыққа қарсы сипаттағы іс-қимылды қоса алғанда, сырттан болатын әсерге төзімді және шолынуы жақсы әрі күзет қызметкеріне шабуылдан, оның ішінде атыс қаруын қолдану арқылы қорғануды қамтамасыз етуі тиіс. Кіретін есік қалындығы кемінде 4 мм металл болат есіктермен жабдықталады.

Өткізу режиміне байланысты БӘП-те рұқсаттамаларды немесе автоматты карточкаларды сақтауға арналған арнайы үй-жай көзделеді.

Объектінің бас автокөліктік БӘП персоналдың өтуіне арналған орталық БӘП-ке мүмкіндігінше жақын орналастырылуы тиіс.

Автокөліктік БӘП-ке баратын жол участеклерінде қақпадан 30 метрден аспайтын қашықтықта 90 градусқа бұрылыс болуы тиіс. Бұл участеклер олардың үстінен өту мүмкіндігін болғызбайтын бетон конструкциялармен қоршалуы тиіс.

Таранға қарсы құрылғының "Көлік құралдарының көмегімен шабуылдан таранға қарсы бөгеттер" ҚР СТ ISO IWA 14-1-2021 ұлттық стандарты "Сипаттамаларға

қойылатын талаптар, автокөлік құралдарының соққысының әсерін сынау әдісі, пайдалану сипаттамалары" 1-бөліміне сәйкес сынақтан өткен және сипаттамаларға сәйкес келетін басқа да конструктивтік шешіміне жол беріледі.

Автомобиль, теміржол көлігінің өтуі, жеке тұлғаларды өткізу үшін БӨП-ті қатар қолдануға болады.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

30. Объектілердің БӨП-тері жұмысшылар мен қызметшілердің жеке заттарын сақтайтын сақтау камерасымен, тексеру бөлмесімен, күзет қызметкерлерін орналастыруға арналған қызметтік үй-жаймен, техникалық қауіпсіздік жүйелерімен (концентраторлар, пульттер, күзеттік теледидардың бейнебақылау құрылғылары), өткелді ашуды (өтуді) және күзеттік жарықтандыру тетіктерін басқару құрылғыларымен жабдықталады.

БӨП автоматтандырылған немесе механикалық қол құрылғыларымен, турникеттермен, кішкене қақпалы есіктермен және басқалармен, ал қажет болған жағдайда қажеттілігіне немесе қызметтік талап етілуіне байланысты тексеру жүргізу үшін әртүрлі металл түрлерін анықтауға қабілетті стационарлық, қолда ұстасу құрылғыларымен жабдықталады. Металл детекторларының бұл түрлері жарылғыш заттарды анықтауға арналған детекторлармен қатар қолданылуы тиіс.

Орталық БӨП a-, b - және g - сәулеленуді анықтауды қамтамасыз ететін тасымалданатын радиациялық бақылау құралдарымен жабдықталады.

31. Көлік құралдарына арналған БӨП электр жетегі және қашықтықтан басқарылатын, үлгілік жылжымалы немесе айқара ашылатын қақпалармен, оларды авариялық тоқтатуға және қолмен ашуға арналған құрылғылармен жабдықталады. Қақпалар өздігінен ашылуды (қозғалуын) болдырмайтын шектеуіштермен немесе бекіткіштермен жабдықталады. БӨП автокөлікті қарауға арналған қарау алаңдары немесе эстакадалар, шлагбаумдар, ал темір жол көлігіне арналған БӨП-тер жылжымалы темір жол көлігін қарауға арналған мұнарамен және алаңмен жабдықталады.

Кіру және шығу орындарын бағдаршамдармен және жол белгілерімен жабдықтау керек.

32. Машиналарды тексеру алаңы:

1) ұзындығы кемінде 20 метр және ені жүк автомашинасы енінің әр бүйірінен кемінде 3 метрден артық болуы;

2) машинаны астынан тексеру үшін шұңқырмен, машинаны үстінен және бүйірінен тексеру үшін мінбелермен немесе эстакадамен жарақталуы;

3) орнатылған қоршаудың беріктігіне сәйкес келетін, айқара ашылатын немесе жылжымалы қақпалар бар негізгі қоршau үлгісі бойынша дуалмен қоршалуы тиіс.

Объектінің кіреберісін машиналарды тексеру алаңымен жабдықтау мүмкін болмаған жағдайда техника мен көлікті тексерудің өзге де заманауи техникалық жүйелерін ескере отырып, аландардың басқа да конструктивті шешіміне жол беріледі.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

33. Темір жол БӨП-тері:

- 1) өтетін қақпалармен және вагондарды тексеру алаңдарымен;
- 2) электромеханикалық жетекпен және қолмен ашатын тетікпен;

3) көліктің объектіге (объектіден) заңсыз кіруінің және жылжымалы құрамның қақпаға кездейсоқ соғылуының алдын алу үшін көлікті мәжбүрлі тоқтату құрылғыларымен (тығындау бөренелерімен, түсіргіш-стрелкалармен, ұстап қалу түйіктарымен және т.б) жабдықталуы тиіс.

Жасақшылардың темір жол көліктерін қарастыру алаңдарымен қатар тексеру үшін қарастыру мұнаралары, аспалы көпірлер, қарастыру эстакадалары, жеңіл баспалдақтар, ілме басқыштар қолданылады.

Жылжымайтын көлік вагондарының жоғарғы люктері және қақпактарын тексеру үшін жылжымалы мұнаралар мен жеңіл баспалдақтар пайдаланылады.

БӨП бақылаушысы жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қарастыру аланында тұрған көлікті тексеру кезінде қосарланған тәжеуіш табандар пайдаланылады.

Вагондарды қарастыру алаңының көлемі 3-4 вагонды бір уақытта қарастыру есебінен ұзындығы бойынша ірікте алу қажет. Қарастыру алаңы вагондарды астынан қарастыру үшін шұнқырмен және үстінен қарастыру үшін мінбемен немесе эстакадамен жабдықталуы тиіс.

Қарастыру алаңының көлденең бағыты БӨП күзетшісінің қызмет өткеру орнына, оның бүйір жағы бағытына (жүретін бөлігіне перпендикуляр) байланысты 2 градустан көп емес болып жасалады. Алаңдарды бойлайтын бағытқа жол берілмейді.

Алаңның жүргөнде көлікті қарастыру үшін екі желімен және ақ бояумен мемлекеттік және орыс тілдерінде "Тоқта" деген жазумен шектелген аялдау орны бөлінеді. "Тоқта" деген тақтайшалар орнатуға болады.

Негізгі және көмекші қақпалардың сыртқы жағынан қарастыру алаңының кіру алдында оларға 3 метрден жақын емес жерге көлденең сызық және "Тоқта" деген жазу ілінеді.

Көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қақпадан кемінде 100 метр оң жағынан немесе жолдың үстінен "Бір қатармен жүргөн" деген сілтеуіш белгі, ал 50 метр жерге - жылдамдықты 5 км/сағатқа дейін шектеу белгісі орнатылады.

34. Қақпаны басқару пульті БӨП-те немесе оның сыртқы қабырғасында орналастырылады, бұл ретте бөгде адамдарға пультті алуға рұқсат етілмейді.

35. БӨП үй-жайы байланыс, өрт сөндіру құралдарымен жаракталады және ОБП-ға қосылған дабыл сигнализациясы жүйесімен жабдықталады.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.12.2012 № 1584 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

35-1. Елді мекендерден тыс өнеркәсіптік аймақта орналасқан А және В санатындағы объектілерде жер бедерін ескере отырып, шаруашылық жүргізуші субъектілер күзет қызметкерін атыс қаруымен зақымдаудан қорғауды, айнала шолуды және кемінде 50 метр жерден бекеттің (объектінің) маңайына оқ атуды қамтамасыз ететін жертасаларды қазады немесе бекіністерді жабдықтайды.

**Ескерту. 2-бөлім 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 911 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

35-2. Радиоактивті қалдықтары бар аумақтар үшін қауіпсіздіктің үш деңгейімен эшелондау қағидаты бойынша қауіпсіздік жүйелерін құру көзделеді:

1) ескеруші – аумақтардың шекаралары тікелей көрінетін, бір-бірінен 200 метрден аспайтын қашықтықта орнатылған белгілермен белгіленеді, жер бедері өзгерген жерлерде қосымша белгілер орнатылады;

2) тежеуші – қолайлы түрдегі физикалық тосқауылдар (қоршаулар, топырақ үйінділері, орлар, қойтастар, бетон блоктар, қақпалар) орнатылады;

3) анықтау және бейтараптандыру – қауіпсіздік жүйесінің операторына сигналдарды бере отырып, басып кіруді анықтаудың техникалық құралдары, жағдайды бейнебағалау құралдары, электрмен қоректендіру және деректерді беру жүйелері орнатылады.

**Ескерту. 2-бөлім 35-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 23.12.2020 № 879 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **3. Ғимараттар мен құрылыштардың техникалық нығайтылуына қойылатын талаптар**

36. Объектінің аумағында ғимараттар мен құрылыштарды орналастыру кезінде мынадай жалпы талаптарды ескеру қажет:

1) үздіксіз өндірістік цикл жабдығы бар корпустарды қоса алғанда, ғимараттар мен құрылыштар мүмкіндігінше оларды басқа ғимараттар мен құрылыштардың қалқалауын ескере отырып, қорғалған аймақтың периметрінен барынша ықтимал қашықтықта орналасуы тиіс;

2) жердің үстіндегі коммуникацияның саны Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген нормаларға сәйкес есептеледі;

3) қорғалған аймақта жеке ғимараттар немесе құрылыштардың жиынтығын құрайтын ішкі аймақ бөлінуі мүмкін. Ішкі аймақтың шектері ғимараттардың қабырғаларымен немесе арнайы жабдықталған қоршаумен белгіленуі мүмкін.

37. А және В санаттарындағы объектілер мен үй-жайлардың сыртқы қабырғаларының беріктігі:

1) қалыңдығы 500 мм асатын тас, кірпіш, блок, бетон және бос қуысты темірбетон конструкцияларға;

2) қалыңдығы 200 мм асатын монолитті фибробетонды конструкцияларға;

3) қалыңдығы кемінде 10 мм, ұяшықтарының мөлшері 150x150 мм аспайтын темір шыбықтардан дәнекерленген болат торлармен күшеттілген (ішінен) күрделі емес қабырғаларға балама болуы тиіс.

38. С санатындағы объектілер мен үй-жайлардың сыртқы қабырғаларының беріктігі :

1) қалыңдығы 250-ден 500 мм дейін тас, кірпіш, блок, бетон және бос қуысты темірбетон конструкцияларға;

2) қалыңдығы 100 мм-ден 200 мм дейін монолитті темірбетонды конструкцияларға;

3) қалыңдығы 400 мм және одан астам жеңіл бетон (ұялы, көбікбетон) конструкцияларға;

4) қосылған жерлері шыбықтардың әрбір қылышында дәнекерленген болат торлармен күшеттілген берік қабырғаларға балама болуы тиіс.

39. Рұқсат етілген екінші аймақтағы үй-жайларды бірінші аймақтың үй-жайларынан беріктігі С санатындағы үй-жайларға балама қабырғалармен және қалқалармен бөлу қажет.

40. Рұқсат етілген үшінші аймақтағы үй-жайларды екінші аймақтағы үй-жайлардан беріктігі В санатындағы үй-жайларға балама қабырғалармен және қалқалармен бөлу қажет.

41. Рұқсат етілген бірінші және үшінші аймақтардағы үй-жайларды арасында беріктігі бойынша А санатындағы үй-жайларға балама қабырғалар немесе қалқалар көзделеді.

42. Объектілердегі, оның ішінде А, В санаттарындағы үй-жайлардағы кіретін есіктердің беріктігі:

1) екі жағынан қалыңдығы кемінде 0,6 мм табақ болат қаптамамен күшеттілген, табақ есіктің ішкі жағына немесе бүйірінен қабыстырыла бүгілген, полотноның периметрі мен диагоналі бойынша диаметрі 3 мм, ұзындығы 40 мм шегемен 20 мм аспайтын аралықпен бекітілген ағаш есіктерге;

2) есік полотнолары металл жапсырмалармен қосымша күшеттілген ағаш есіктерге;

3) қалыңдығы кемінде 4 мм металл болат есіктерге;

4) салмағы 2 кг ауыр металл затпен кемінде 30-50 соққымен адамның кіруі үшін жеткілікті ойық жасауға төзімді қорғаныш шыныны пайдалана отырып жасалған металл жақтаулы немесе оларсыз шынылы полотнолары бар есіктерге;

5) ішінен қосымша орнатылған торлы болат есігі бар күрделі емес есіктерге (айқара ашылатын, жылжымалы немесе жиналмалы) барабар параметрлерде болуы керек. Есіктің қораптары болат қадалардан жасалған бекіткіштермен, ал ілмегі бүйірлік ілгектермен қосымша жабдықталады. Қорғаныш шыны салмағы 2 кг ауыр металл затпен кемінде 30-50 рет ұрганға дейін тесілмейтін берік болуы керек.

43. Кіретін есік пен негізгі үй-жайларың арасында екінші есігі бар тамбур немесе торлы есік орнатылады.

44. Аспалы құлыпқа арналған көзі бар қосымша торланған ашпалы есіктер ішкі жағынан орнатылады.

45. Есік қорабы болат пішіннен жасалады. Қабырғаға диаметрі кемінде 12 мм болат қазықшалармен (таяқшалармен) бекітілген 30x40x5 мм болат бұрыштамалармен күштейтілген ағаш есік қораптарына рұқсат беріледі.

46. Қоймалар үй-жайларының, кассалардың, қару-жарақ бөлмелерінің, мекемелердің құпия бөлімдерінің терезе жақтаулары металл торлармен жабдықталады, торлар 150x150 ұяшықтарды құрайтын, диаметрі кемінде 16 мм болат шыбықтардан жасалады. Шыбықтардың қылышатын жерлерін дәнекерлеу қажет. Тор шыбықтарының ұшы қабырғаға кемінде 80 мм терендікке бекітіледі және цементті ерітіндімен құйылады немесе металл конструкцияларға дәнекерленеді. Мұны орындау мүмкін болмаған жағдайда, тор мөлшері кемінде 30x30x5 бұрыштамамен көмкеріледі және периметрі бойынша қабырғаға диаметрі кемінде 12 мм және ұзындығы кемінде 120 мм болат анкермен 80 мм терендікке мықтап дәнекерленеді.

**Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.12.2012 N 1584 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

47. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.12.2012 N 1584 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

48. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.12.2012 N 1584 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

49. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.12.2012 N 1584 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

50. Барлық терезелер торлармен жабдықталған үй-жайларда олардың бірі сындырудан қорғалған аспалы құлып салынып, жылжымалы немесе айқара ашылатындей етіп жасалады.

51. С санатындағы объектілердің, оның ішінде үй-жайлардың кіретін есіктерінің беріктігі:

1) қалындығы кемінде 40 мм болған кезде полотно тұтас толтырылған есіктерге;

2) бір соққыға шыдамды, 3,5 м және одан жоғары биіктікten лақтырылған салмағы 4 кг болат шардың 3 соққысына төзімді, саңылаусыз және көп қабатты шынымен шыныланған полотнолардың қалындығы кемінде 40 мм болатын сыртқы ағаш есіктерге ;

3) бір соққыға шыдамды, 3,5 м және одан жоғары биіктікten лақтырылған салмағы 4 кг болат шардың 3 соққысына төзімді, қорғаныш шынымен, металл жақтаулы немесе оларсыз шыныдан жасалған полотнолары бар есіктерге балама параметрлерде болуы тиіс.

52. Объектіге кіретін есікті және тамбурдың есігін С санатындағы объектілердің үй-жайлары үшін кемінде 25 000 код (кілт) комбинациясы бар, ал А және В санаттарындағы объектілердің үй-жайлары үшін кемінде 100 000 комбинациясы бар электрлі механикалық және/немесе механикалық құлыштармен жабдықтау ұсынылады.

53. Бекіткіш құрылғыларды орнату кезінде өртке қарсы қауіпсіздік шарттарын орындау қажет:

1) периметрлік қоршау болған кезде ғимараттардың сыртқы эвакуациялық есіктерінде іштен кілтсіз ашылмайтын бекітулері болмауы тиіс;

2) ортақ дәлізге алып баратын баспалдақ аландарының есіктері, лифт холдарының және тамбур-шлюздердің есіктері өзі ашып-жабылатын және тығыздалатын құралдармен жабдықталуы керек әрі олардың кілтсіз ашылуға кедергі келтіретін бекітулері болмауы керек.

**Ескерту. 53-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 911 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

54. Есіктерде, терезелерде, люктерде, лифт шахталарында және т.б. орнатылатын бекіткіш құрылғы ретінде өздігінен бекітілмейтін бұрандалы құлыштар, салмалы, аспалы құлыштар, ішкі ілгектер, ысырмалар, тиектер, сұқпа тиектер және басқалар қолданылады.

55. Объектілердің кіреберіс есіктерін, сондай-ақ А санатындағы үй-жайлардың ішкі есіктерін жабу үшін жоғары құпиялы, сувальдты екі қырлы кілттер, цилиндрлі штифті екі және одан қарапайым құлыштар пайдаланылуға тиіс. Сувальдты құлыштарда кем дегенде алты сувальд (симметриялы немесе асимметриялы) болуы тиіс.

56. Б санатындағы үй-жайлардың ішкі есіктерін жабу үшін құпиялылығы тәмен цилиндрлік пластиналық сияқты және цилиндрлік штифті бірдей құлыштар пайдаланылады.

57. Қорғау тиімділігінің төмендігіне байланысты салмалы құлыштар С санатындағы ішкі үй-жайларды жабу үшін ғана қолданылуы мүмкін.

58. Аспалы құлыштар есіктерді, қақпаларды, темір торларды, терезе қақпақтарын және т.б. қосымша бекіту үшін қолданылуы тиіс. Бұл құлыштардың суарылған болаттан имегі және салмақты корпусы болуы тиіс, сондай-ақ жабылатын конструкцияларда

оларды орнататын орындарда ұрлаудан және құлыптардың құлақтары мен имектерін кесудің алдын алатын қорғайтын қаптамалар, пластиналар және басқа құрылғылар болуы тиіс.

59. Құлыптардың тетіктері слесарлық қол құралын пайдаланып, қасақана зақымдаудан қорғайтын былғарымен қапталады және мөрленеді (пломбаланады).

60. Есіктің сыртқы жағынан есік құрылғысынан шығып тұратын бұранда құлып цилиндрінің бөлігі сындырудан немесе ұрудан сақтандыратын жапсырмамен, розеткамен, қалқанмен қорғалуы тиіс. Сақтандыратын жапсырма, розетка, қалқан орнатқаннан кейін цилиндрдің шығып тұратын бөлігі 2 мм-ден көп болмауы тиіс.

61. Есіктерге арналған ілмектер берік және болаттан жасалған болуы керек. Бекіту бұрама шегелер көмегімен нығайтылуы тиіс.

62. Есікті "сыртқа" ашқан кезде есік ілмектерінде ілмек үзілген немесе механикалық бұзылған жағдайда үй-жайға кіру мүмкіндігіне кедергі келтіретін бүйірлік ілмек орнатылуы керек. Бүйірлік ілмек есікті жапқан кезде есік қорабына орнатылған анкерлі пластиналарға немесе осыған ұқсас элементтерге кіреді. Егер есіктер металл болса, онда бүйірлік ілмектер дәнекерленеді, егер есіктер ағаштан жасалған болса, онда олар бұрандалы шегелердің көмегімен бекітіледі.

63. Есік жапсырмаларының қалындығы 4-6 мм және ұзындығы кем дегенде 70 мм металл жолақтан дайындалады. Аспалы құлыптарға арналған көздер 6x40 мм кесілген металл жолақтан әзірленеді. Есік ілмектері диаметрі кем дегенде 15 мм металл шыбықтан жасалуы тиіс.

64. Ілмектердің және қабырғалардағы, есік қораптарындағы және басқа жерлердегі жапсырмаларды нығайту болттардың немесе диаметрі кем дегенде 15 мм балдақтардың (ыскы) көмегімен жасалады. Бұраңдалар үй-жайдың ішкі жағынан тығырықтар мен гайкалардың көмегімен бұраңданың шеті алынып тасталып бекітіледі.

65. Лифт шахталарының есіктері аспалы құлыптармен, тіректермен, жай хабарлағыштармен және т.б. оқшаулануы тиіс.

66. А және В санаттарындағы объектілер үй-жайларының бірінші қабаттағы терезе жақтауларының, витриналардың беріктігі:

1) қалындығы кемінде 1 мм болат рольставнялармен қосымша қапталған кәдімгі шыны терезелерге;

2) металл торлармен (жылжымалы, айқара ашылатын және т.с.с) немесе тиісінше берік жапқыштармен қосымша қорғалған кәдімгі шыны терезелерге;

3) бір соққыға шыдамды, 9,5 м және одан да жоғары биіктікten лақтырылған салмағы 4 кг болат шардың 3 соққысына төзімді, арнайы қорғаныш шынымен жасалған терезелерге балама параметрлерде болуы тиіс.

67. Жедел жағдайы күрделі аудандардағы терезелер мен көрмелерге адам кіру үшін, салмағы 2 кг ауыр металл затпен кемінде 30-50 рет ұрганға дейін тесілмейтін берік

қорғаныш шыныдан (ұлдір) немесе оқ өтпейтін қорғаныш шыныдан (ұлдір) жасау үсүнілады.

68. С санатындағы объектілер үй-жайларының бірінші қабатындағы терезе жақтауларының, витриналардың беріктігі мынадай параметрлерге:

- 1) бір рет соққыға шыдамды, 3,5 м және одан жоғары биіктікten лақтырылған салмағы 4 кг болат шардың 3 соққысына төзімді қорғаныш шынылармен жасалған терезелерге;
- 2) металл торлармен, еркін құрастырылған торлармен нығыздалған кәдімгі шыны терезелерге;
- 3) қосымша рольставнялармен қапталған кәдімгі шыны терезелерге балама болу керек.

69. Объектінің аумағына, объектінің күзетілетін ғимаратына құдықтар, люктер, өтетін тесіктер, шахталар, ашық құбырлар, арналар және басқа осыған ұқсас құрылыштар арқылы енуге болатын кіретін және шығатын жерлері бар объектінің жер асты және жер үсті коммуникациялары тұрақты немесе алынатын темір торлармен, қақпақтармен, бекітілетін құрылғылары бар есіктермен жабдықталуы тиіс. Тұрақты құрылғылар ашылмайтын барлық коммуникацияларға орнатылуы тиіс. Диаметрі 250 мм-ден (250 x 250 мм аса кескіленген) асатын барлық ойықтар жабдықталуға жатады.

#### **4. "Модуль" ұлгісіндегі жеңіл металл конструкциялардан (ЖМК) салынатын күзет бекеттері үй-жайларының инженерлік-техникалық нығайтылуына қойылатын талаптар**

70. Күзет бекеттері үй-жайларының "Модуль" ұлгісіндегі жеңіл металл конструкциясынан (ЖМК) салынатын объектілерінің техникалық нығайтылуы мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- 1) ЖМК-ден салынған үй-жайлардың сыртқы қабырғалары ішкі жағынан диаметрі кемінде 5 мм және ойықтың көлемі 70 x 70 мм, бірақ ойықтың көлемі 150 x 150 мм болған кезде диаметрі 10 мм аспайтын арматурадан жасалған металл тормен нығайтылуы тиіс. Тордың биіктігі жердің деңгейінен кемінде 2,5 м болуы тиіс;
- 2) ЖМК-дан жаңадан салынған үй-жайларда монтаждың биіктігі жердің деңгейінен кем дегенде 1 м кірпіш немесе бетон негізі арқылы жүзеге асырылуы тиіс;
- 3) ЖМК-дан салынған ғимараттың ішкі жағынан диаметрі 15 мм шыбықтар арасындағы ойықтың көлемі 150 x 150 мм-ден аспайтын арматурадан жасалған 75x75x6 мм болат бұрыштан жасалған металл тор есіктер орнатылуы тиіс.

Күзет бекеті үй-жайының мөлшері: ұзындығы – 3500 мм, ені – 3000 мм, биіктігі – 2500 мм.

Күзет бекеті үй-жайының сыртқы қоршаш конструкциялары (қабырғалар мен жабындар) өнірдің климаттық жағдайларына, сондай-ақ құқыққа қарсы сипаттағы іс-қимылды қоса алғанда, сыртқы әсерлерге төзімді болуга және күзет қызметкерін шабуылдан тиісінше қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

Күзет бекеттерінің үй-жайлары техникалық күзет, дабыл сигнализациясы құралдарымен және объектілердің периметрі бойынша бейнебақылау жүйесінің камераларынан ақпарат шығаратын монитормен, сондай-ақ олардың ерекшеліктерін ескере отырып, тамақ ішуге арналған бөлмемен және санитарлық тораппен жабдықталуға тиіс.

**Ескерту. 70-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## **5. Машиналарға жүк тиеп, түсіруге арналған бокстар**

71. А және В санаттындағы объектілердің үй-жайларында машиналарға жүк тиеп, түсіруге арналған бокстар металл қақпалармен жабдықталады, ал С санаттындағы объектілердің үй-жайларында машиналарға жүк тиеп, түсіруге арналған бокстарды ағаш қақпалармен жабдықтауға рұқсат етіледі.

72. Жүктөрді қабылдауға-беруге арналған үй-жайлар машиналарға тиеп, түсіруге арналған бокстарға тікелей жақын жерге орналасады. Бұл үй-жайлардың есіктері бокстарға қарай қозғалу бағыты бойынша ашылуы және ұқсас қақпаларды бұзылудан қорғайтын топтары болуы тиіс.

73. Машиналарға жүк тиеп, түсіруге арналған бокстардың қақпалары мен үй-жайлардың есіктері электромеханикалық және/немесе механикалық құлыштармен (ойылмалы немесе аспалы) бекітіледі. Құлыштардың тетігі объектінің үй-жайына апаратын бокстардың қақпалары мен есіктерінің ішкі жағына орналастырылады.

## **6. Күзет қызметінің үй-жайлары**

74. Күзет (қауіпсіздік) қызметінің үй-жайын, әдетте бірінші қабатта орналастырған жөн, бұл ретте үй-жай конструкциясына қойылатын талаптар ғимараттың тиісті санатына қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек. Дербес үй-жайларды салу кезінде күзет үй-жайлары блогының ішкі периметрі (қабыргалары, есіктері мен терезелері) В санаттындағы объектілер үй-жайларының конструкцияларына балама берік болуы тиіс.

75. Бақылау мұнаралары, бекеттік саңырауқұлақ тәріздес қалқалар мен үйшіктер, жататын күзет бекеттерінде күзетшілердің қызмет өткеретін орындарына және режимдік үй-жайларда тосқауыл түріндегі инженерлік жабдықталуына мынадай талаптар белгіленген:

1) бақылау мұнаралары кірпіштен, ағаштан, металл немесе құрама темір бетоннан болуы мүмкін және күзетшілердің тыйым салынған аймақтар мен объектінің маңайын шолуы мен көруін ұлғайту үшін орналастырылады. Мұнараның биіктігі және оны орнату орны жердің бет-бедерінен, тыйым салынған аймақтың кескін үйлесіміне және басқа да жер жағдайларына байланысты белгіленеді;

2) мұнаралар қызметтік байланыс және дабыл сигнализациясы құралдарымен, ал кейбір жағдайларда - тасымалданатын радиостанциялармен, дауыс зорайтыш байланыспен, техникалық бақылау құралдарымен және басқарылатын прожекторлармен жабдықталуы тиіс. Мұнараларды жабдықтауға арналған техникалық құралдардың құрамы жобалауға арналған тапсырмамен айқындалады;

3) қыста температура минус  $15^{\circ}\text{C}$ -ден төмен аудандарда мұнараның жоғарғы құрылышы шыныланады, ал төбесі мен тоқсауыл арасындағы аралықта бір немесе екі жылжымалы жиектер орнатылуы тиіс. Қажет болған кезде күзетілетін участекі қарауды жақсарту және қару пайдалану үшін күзетшіге жылжымалы жиектер құрылғысын жылдам ашуға мүмкіндік болуы қажет. Температура минус  $30^{\circ}\text{C}$ -ден төмен аудандарда жылжылған мұнаралар салу қажет. Бұл ретте мұнаралардың едендері мен қабырғалары екі қабатты, ал аралығы жылуды өткізбейтін материалдармен толтырылуы тиіс;

4) мұнараның конструкциясы күзетшіні атыс қаруымен зақымдаудан қорғауы тиіс;

5) бекеттік саңырауқұлақ тәріздес қалқалар қызметтік байланыс құралдарын, дабыл сигнализациясын, бекеттік киім-кешекті орналастыруға арналған және тыйым салынған аймақта, әдетте жасақшалар жолынан 1 метрден аспайтын қашықтықта күзет орындары участеклерінің ортасында орнатылады;

6) бекеттік саңырауқұлақ тәріздес қалқалар ағаштан немесе ағаш және пластмасса бөлшектері пайдаланыла отырып жасаған металл-конструкциядан дайындалады;

7) бекеттік үйшіктер БӘП-терге немесе тыйым салынған аймақтарға орнатылады және олар қызметтік байланыс құралдарын, дабыл сигнализациясын, рүқсаттама, қолтаңба және мөр бедерлерінің ұлгілері бар рамаларды, бекеттік киімді қоюға арналған. Бекеттік үйшіктер кірпіштен, ағаштан, құрамалы темір бетоннан, металл конструкциялардан, пластиктен, сығымдалған және ағаш бөлшектерден жасалуы мүмкін. Температура минус  $300^{\circ}\text{C}$ -ден төмен түсетін аудандарда бекеттік үйшіктерде жылжыту (электрлі-калориферлер, бүмен жылжыту және т.б.) көзделеді. Бекеттік үйшіктердің мөлшері мен типтері жобалауға арналған тапсырмамен айқындалады;

8) тыйым салынған аймаққа өтуге тыйым салынғандығын ескерту үшін қоршаудың желісі бойына мемлекеттік және орыс тілдерінде - "Тыйым салынған аймақ", "Өтуге (көлікпен өтуге) тыйым салынған (жабық)" деген жазу бар ескерту белгілері орнатылады, бұл ретте кейбір жағдайларда "Бөгде адамдарға өтуге тыйым салынған", объектіні иттерді пайдалана отырып, күзеткен жағдайда "Объект иттерді пайдалана отырып, күзетіледі" деген ескерту белгілері болуы мүмкін. Ескерту белгілері тыйым салынған аймақтың сыртқы және ішкі қоршауы бойына қоршау тіректерін немесе жеке бағаналарды пайдалана отырып, бір бірінен 50 метрден аспайтын қашықтықта

орнатылады. Ескерту белгілері міндетті түрде тыйым салынған аймақтың қалтарыстарында (бұрыштарында), кішкене қақпаларда және тыйым салынған аймақтың қақпаларында орнатылады;

9) тыйым салынған аймақта бекет участекерінің шекарасын белгілеу үшін шектеу белгілері қолданылады. Олар нөмірленеді және жасақшаларға жақсы көрінетіндей, ал тыйым салынған аймақтың сыртқы жағынан бөгде адамдарға көрінбейтіндей түрде кезекпен орнатылады;

10) анықтау құралдары участекерінің шегін белгілеу үшін тыйым салынған аймаққа сілтеуіш белгілері орнатылады. Олар ақ түске боялған, екі бірдей бөлікке бөлінген және ені 15 мм қара жолақпен жиектелген тік бұрыш түріндегі табақ металдан немесе пластмассадан әзірленеді. Тік бұрыштарда қара бояумен участекердің нөмірлері жазылады. Сілтеуіш белгілері анықтау құралдарының желідегі бөлімдерінің тіректеріне бекітіледі, арнайы бағаналарға орнатылады немесе қоршауға бояумен жазылады.

**Ескерту. 75-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілді) қаулысымен.**

76. ОБП үйімдастырылған үй-жайды ғимараттың екінші, үшінші қабаттарында орналастыру ұсынылады. ОБП-ні үй-жайдың бірінші қабатында орналастырған жағдайда үй-жайдың құрылымы конструкциялары (қабырғалар, есіктер мен терезелер) В санатындағы объектілер үй-жайларының конструкциясына балама берік болуы тиіс.

## **7. Тыйым салынған аймақтар**

77. Тыйым салынған аймаққа (аудан) арсенал, база, қойма, сондай-ақ аса қауіпті, бактериологиялық, биологиялық, химиялық және радиоактивті заттарды әзірлеу, өндіру, сынақтан өткізу және сақтау жөніндегі объектілер аумағына тікелей жанасып жатқан аумақ кіреді. Оның ені объекті аумағының сыртқы техникалық қоршауынан:

1) оқ-дәрілер, жарылғыш заттар, жеңіл тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтардың қоймалары, аса қауіпті, бактериологиялық, биологиялық, химиялық және радиоактивті заттарды әзірлеу, өндіру, сынақтан өткізу және сақтау жөніндегі объектілер үшін - 400 метрге дейін;

2) қару-жарақ және әскери мұліктер қоймалары үшін - 100 метрге дейін қашықтықта орнатылады.

78. Мемлекет күзетуі тиіс қайтадан жобаланған және салынып жатқан объектілер үшін тыйым салынған ауданға сыртқы қоршаудан кем дегенде 3 шақырым алыс іргелес аймақ кіруі тиіс.

79. Тыйым салынған аймақтың шекаралары жергілікті жерде жақсы көрінетін тиісті белгілермен, сілтеуіштермен және жазулармен белгіленеді. Оларды орнату жауапкершілігі объектілердің бірінші басшыларына жүктеледі. Тыйым салынған ауданның шекарасы жергілікті жерлерде белгіленбейді.

80. Тыйым салынған аймақтың және тыйым салынған ауданың шекарасын белгілеу санитарлық қорғау, жарылғыш және өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтауды ескере отырып, жүргізілуі тиіс.

## **8. Объектілерде рұқсат беру бюросын құру (қажет болған кезде)**

81. Рұқсат беру бюросы орталық кіреберістің жанына орналасуы тиіс және көшеге, яғни объекті аумағының сыртына шығатын жеке кіру және шығу есігі болуы тиіс. Үй-жай құзет, өрт, дабыл сигнализациясы техникалық құралдарымен және үй-жай ішіндегі жағдайды бақылауға арналған орталық құзет бекетіне қосылған бейне бақылау жүйесімен жабдықталуы тиіс.

Рұқсат беру бюросының үй-жайы паспорт және виза құжаттарының түпнұсқалығын тексеру жүйесімен жабдықталуы тиіс.

Келушілерге арналған үй-жай құзет үй-жайында тасымалданатын бақылау пульті бар стационарлық рамалық детектормен жабдықталуы тиіс.

Құзет орны қол темір іздегішімен жаракталуы тиіс.

## **9. Kіріс хат-хабарларды қабылдау пунктін үйімдастыру (қажет болған кезде)**

82. Kіrіс хат-хабарларды қабылдау пункті жарылу қауіпсіздігі бойынша қажетті талаптарды орындаі отырып, екі бөлікке бөлінген 4 жеке үй-жайдан тұруы тиіс. Үй-жайларда оңай сындырылатын рамалар орнатылуы тиіс. Шыныланған ойықтар жағынан (үй-жайдың сыртқы жағынан) қалындығы кем дегенде 250 мм және жарылған заттың ауа толқынын өшіруге арналған терезенің жоғары тұсынан биіктігі 1,5—2 метр кірпіш қаланып жасалған қабырға орнатылуы қажет. Бұдан өзге, жарылу қауіпсіздігі бойынша қажетті талаптарды орындаі отырып, болуы мүмкін күдікті жарылғыш материалдарды немесе заттарды сақтауға арналған сыйымдылықпен немесе контейнермен жабдықталған кіrіс хат-хабарларды қабылдау пунктінің қосымша үй-жайлары жабдықталады. Kіrіс хат-хабарларды қабылдау пункті хат-хабарды ашпастан ақша, есірткі, химиялық уландырғыш заттарды, жарылғыштарды және т.б. анықтау мүмкіндігі бар түрлі-түсті өздігінен оқылатын интраскоппен жабдықталады.

Рұқсат беру бюросы мен хат-хабарларды қабылдау пунктінің орталық құзет орнымен дауыс зорайтқыш арқылы байланыс орнатуы көзделуі тиіс.

### **2-бөлім. Объектілер мен үй-жайларды арнайы техникалық қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтау**

#### **1. Жалпы ережелер**

83. Объектілерді арнайы техникалық құзет құралдарымен (бұдан әрі - АТҚ) жабдықтау техникалық нығайту жөніндегі жұмыстар жүргізілгеннен кейін осы

объектілер үй-жайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес орындалады.

84. Барлық объектілерде Қазақстан Республикасында аккредиттелген және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің Мемлекеттік тізілімінде тіркелген сертификаттау жөніндегі органдарда және сынақ зертханаларында (орталықтарында) белгіленген тәртіппен сертификаттаудан өткен арнайы техникалық құралдар орнатылады.

85. Объект пен оның үй-жайларын күзету сенімділігін арттыру үшін:

- 1) осы объектінің жұмыс режимін;
- 2) бағалы заттармен операциялар жүргізу тәртібін;
- 3) ғимарат ішіне бағалы заттар бар үй-жайлардың орналасу ерекшеліктерін;
- 4) күзетілетін аймақтар санын таңдай отырып, арнайы ТКҚ кешенінің құрылымы айқындалады.

86. Объектілерде бұл аппаратуралар істен шыққан жағдайда арнайы техникалық күзет құралдарының резервтік қорын қалыптастыру қажет.

## **2. Объектілерді қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтаудың негізгі қағидаттары**

87. Объект аумағының периметрі периметрлік АТҚ және ББЖ-мен жабдықталады.

**Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

87-1. ПҰА-ның, оның ішінде квадрокоптерлердің көмегімен террор құралдарын жеткізуге және қолдануға байланысты қатерлер өзекті болатын объектілерге ПҰА-ға қарсы әрекет ету жүйелерін көздеу ұсынылады.

**Ескерту. 2-тaraу 87-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

88. Қауіпсіздіктің периметрлік жүйелеріне қойылатын негізгі талаптар мыналар болып табылады:

1) барлық маусымдар мен тиісті климаттық аймақтардың сыртқы климаты факторларына беріктігі;

2) индустріялық кедергілерден және көлік құралдарының, құстар мен жануарлардың әсерінен туындастын кедергілерден қорғану.

89. Аумақты қоршау периметрі бойына күзеттік жарық орнатылады.

90. Периметр бойындағы күзеттік жарық желісі сыртқы жарық желісінен бөлек жасалады және дербес участкереге бөлінеді.

91. Күзеттік жарық:

1) жарық нұктелерінің шамдарды толық көрсетуі және ені 3 метр болатын жаппай жолақты құрауы есебінен қажетті тең жарықпен;

2) бір участкеде немесе барлық периметрлерде АТҚ іске қосылған кезде жарықты автоматты түрде қосу мүмкіндігін;

3) жарық беруді басқару - кез келген участкені немесе барлық периметрге жарық беруді қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

92. Күзеттік жарық түсіру шамдары аумақтың ішкі қоршау желісіне тікелей жақын, қызмет көрсету үшін қолайлыш және қауіпсіз жерлерде орнатылады.

93. Объектілердегі құпия ақпараттар мен материалдық бағалы заттарды тұрақты немесе уақытша сақтайтын барлық үй-жайлар, сондай-ақ олармен барлық аралас үй-жайлар, объект үйінің периметрі бойынша бірінші және соңғы қабаттарда орналасқан бөлмелер мен осал орындар (терезе, есіктер, қақпақтар, желдеткіш шахталары мен қораптары) АТҚ мен жабдықталады. Объект ғимаратының ішкі үй-жайларының (қызметтік, қенсе, қоймалар және қосалқы үй-жайлар) АТҚ-мен жабдықталмауына жол беріледі.

94. Күзетілетін (бақыланатын) аймақ бағалы заттар орналастырылған жерге кез келген тұстан келгенде тәртіп бұзушылық кемінде күзеттің екі шебінен байқалатындей болуы тиіс.

95. Күзеттің әр шебінен келген дабыл хабарламасы ОБП-нің дербес нөміріне, бірнеше нөміріне (шептерді бірнеше аймақтарға бөлу кезінде) немесе объектінің ішкі күзет пультіне шығарылады.

**Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.12.2012 N 1584 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

96. Объектінің ішкі күзету пульттері мен ББЖ мониторларын күзеттің қызметтік үй-жайларында немесе осы мақсаттарға арналған арнайы жабдықталған үй-жайларда орналастырған жөн.

97. Объектінің күзету құрылымына байланысты ішкі күзет пульттері ретінде шағын, орташа және үлкен сыйымдылықтардың (концентраторлар) қабылдау-бақылау аспабы және ХБЖ пайдаланылуы мүмкін.

98. А, В және С санаттарындағы объективтер ББЖ, сондай-ақ ЕБЖ, өртті анықтайтын және сөндіретін жүйелермен жабдықталуы мүмкін, бұл ретте оларды автоматтандырылған күзет кешеніндегі қауіпсіздік жүйелерімен біріктірмеу ұсынылады.

99. Су қоймалары бөгеттерінің және өзге де гидротехникалық құрылыштардың маңайы инфрақызыл жарық түсіретін ББЖ-мен, шлюздік қондырғылар күзет қызметтің күзет орнына қосылған, ал техникалық мүмкіндік болған жағдайда ОБП-ге шығарылған, қауіпсіздік жүйесімен жабдықталады.

Су шаруашылығы объективтері құтқару мүкәммалымен (құтқару шеңберлері, шарлар, кеудешелер, белбеулер, күртешелер, ілгектер, лақтыратын жіп, арқан сатысы,

сондай-ақ су шаруашылығы объектілері түрлерінің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де қажетті құралдармен) жарақталады.

**Ескерту. 99-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

100. Объектінің үй-жайларына енуден қорғанудың неғұрлым онтайлы нұсқасын айқындау үшін қауіпсіздік жүйесі оның қорғау санатына байланысты үш топқа (дәрежеге) бөлінеді.

Корғау тобы	Енуден корғау дәрежесі	Күзет сигнализациясын ұйымдастыру	Ескерту
1	Жеткіліксіз	Үй-жайдың тек жекелеген участекерінің (есіктерді, терезелерді, қабыргаларды және т.с.с.) периметрін (1-шебін) оқшаулау	Жобалау тапсырмасы бойынша күзет сигнализациясымен жабдықталған, тәулік бойғы ішкі күзеті бар шеткі ғимараттардан басқа ғимараттың 2-ші және жоғарғы қабаттарында орналаскан, С санатындағы объектілердің үй-жайлары;
2	Орташа	Үй-жайдың (1-шебін) периметрін және көлемін (2-шебін) оқшаулау	Ғимараттың ішінде орналаскан В санатындағы үй-жайлар. Криминогенді қауіптілігі жоғары немесе жобалау тапсырмасы бойынша күзет сигнализациясымен жабдықталған аймақтарда орналаскан С санатындағы объектілердің үй-жайлары;
3	Жоғары	Күзетілетін үй-жайдың периметрін (1-шебін), көлемін (2-шебін) және сейфтерді немесе оларға бару жолдарын (3-шебін) оқшаулау	Ғимараттың ішінде орналаскан А санатындағы үй-жайлар. Криминогенді қауіптілігі жоғары немесе жобалау тапсырмасы бойынша күзет сигнализациясымен жабдықталған аймақтарда орналаскан В санатындағы объектілердің үй-жайлары;

101. Күзеттің бірінші шебінде мыналар қорғалады:

- 1) ғимараттар мен объекті үй-жайларының периметрі бойынша, құрылыш конструкциялары, яғни барлық терезелер мен есік оймалары;
- 2) коммуникацияларды іске қосу орындары, желдеткіш арналары және т.б.;
- 3) өрт сатыларына шығатын жерлер;
- 4) күрделі емес және күрделі (егер оларды қорғау қажет болса) қабыргалар.

102. Объект ғимаратының (үй-жайының) периметрі бойынша мынадай құрылыш конструкциялары:

- 1) есік оймалары, тиеу-түсіру қақпақтары - "ашылуға" және "тесілуге";
- 2) шыныланған конструкциялар - әйнектің "ашылуына" және "қирауына";
- 3) коммуникацияларды, күрделі емес және күрделі (егер қажет болса) іске қосу орындары - "тесілуге";
- 4) желдеткіш қораптар, тұтін өткізгіштер және басқалары - "қиратуға" және "соғу әсеріне" қарсы тосқауыл қойылады.

103. "Ашылуға" арналған (есіктерді, шынылаған конструкцияларды) құрылыш конструкцияларын КМХ үлгісіндегі қарапайым магнитті байланыс хабарлағыштармен, қақпаларға, тиеу-түсіру қақпақтарына, сақтау қоймаларының, лифт шахталарының есіктеріне тосқауыл қоюды ША үлгісіндегі ажыратқыштармен және кемінде екі КМХ-мен оқшаулау ұсынылады, бұл ретте орнатуды конструкция шетінен кемінде 200 мм ара қашықтықта жүзеге асырады.

104. Әйнекті "қиратуға" арналған шыныланған конструкцияларды оқшаулауды акустикалық хабарлағыштармен және оған ұқсас құралдармен жүргізу ұсынылады.

105. Есіктердің "ойылып кетуіне", сондай-ақ тор көздерге тосқауыл қоюды омикалық хабарлағыштармен (диаметрі 0,18-0,25 мм сым) жүргізу керек.

106. Күрделі және күрделі емес (аралық жабындарды) қабыргаларды "қиратуға" тосқауыл беткі пьезоэлектрлік, сейсмикалық хабарлағыштармен немесе кемінде 10 рет ұруға реттелген дірілдеткіш датчиктермен жүргізу керек.

107. Күзеттің екінші шебі үй-жайлардың көлемін пассивтік оптикалық-электрондық, көлемді, инфрақызыл, күлгін дыбысты және аралас хабарлағыштардың көмегімен қорғайды.

108. Күзеттің үшінші шебі сейфтерді немесе оларға келу жолдарын көлемді радиотолқынды хабарлағыштардың көмегімен қорғайды.

### **3. АТҚ-ның түрлері, үлгілері және оларды орналастыру тәсілдері**

109. Электр өрісінің сипатын өзгерту тиімділігін пайдалануға негізделген табудың сыйымдылық қуралдары үй-жайдың ішкі жағында және объектілердің периметрі бойынша орналастырылады.

110. Оптикалық инфрақызыл сигналайзаторлар ИК-сөулелерді қалыптастырын "сөулелендіргіш-қабылдағыштардың" бір немесе бірнеше жұбынан тұрады, олардың үзілуі дабыл белгісін туыннатады. ИК-датчиктері үй-жайларда, сондай-ақ периметр

бойынша қоршаудың жоғарғы жағына да, тікелей топырақта да, тігінен бірнеше сәулелерден кедергі жасай отырып, орналастырылады.

111. "Сәулелендіргіш-қабылдағыш" жұбын да пайдаланатын, инфрақызыл сигнализаторларға ұқсас анықтаудың радиосәуле құралдары орналастырылады.

112. Сейсмикалық және дірілдеткіш жүйелер қоршау элементтерін жою, бұзу, ажырату әрекеті кезінде дірілді немесе олардың бұзылуын қабылдайды және оның орта бөлігіне бекітіледі. Қазуды анықтау тиімділігін арттыру мақсатында 0,2-0,3 м терендейтегі жерге орналастырылады.

113. Магнитті метрикалық анықтау жүйесі күзетілетін участкенің бойындағы топырақта 0,15-0,5 м терендейтегі орналастырылады.

114. Жалған іске қосуларды айрықша жоғары пайдалануды және табу мүмкіндігін талап ететін объектілерде әртүрлі қағидатта әрекет ететін бірнеше датчиктерді ұштастыратын қыстырылған жүйені пайдалану қажет. Сезгіш элементтердің орналасуы объектіге адам енген кезде бір уақытта бірнеше датчик іске қосылатындағы етіп таңдалады, бұл кезде кедергілер уақытқа тарапады.

115. Объектінің периметрі тек АТҚ-мен емес, сонымен бірге жарық түсіру құралдарымен, байланыс және ББЖ-мен жабдықталады. Сонымен қатар қауіптілігі жоғары участкелерде сенімді күзетілетін периметрді құру қосымша құрылғыс-монтаждау жұмыстарын (таранға қарсы құрылғыларды және/немесе басқа қосымша бөгеуші құрылғыларды және т.с.с.) орындауды талап етуі мүмкін.

#### **4. Қол жеткізілімді бақылау жүйесін және бейнебақылаудың телевизиялық жүйесін ұйымдастыру**

116. Объектілерді:

- 1) КББЖ күзеттін үй-жайларға персоналдың және объектіге келушілердің келуін шектеу;
- 2) барлық персоналдың келу-кету уақытын тіркеу;
- 3) ішкі үй-жайлардың ашылғаны туралы ақпарат алуға (қашан және кім ашты);
- 4) ҚБЖ-мен және басқалармен жабдықталған объектінің үй-жайына заңсыз кіру әрекеттері туралы ақпарат беруге арналған ҚБЖ-мен жабдықтау керек.

**Ескерту. 116-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

117. ҚБЖ-ны бағдарламалық қамтамасыз ету мынадай міндеттерді:

- 1) бүкіл персонал туралы деректер базасын ұйымдастыру (карточканың нөмірі, адамның Т.А.Ә., фотосының бейнесі, лауазымы, кіруге рұқсат етілген үй-жайлардың тізімі, кірген-шыққан уақыты);
- 2) бақылау панельдерінің бағдарламасын жасауды және олардағы ақпаратты оқуды;
- 3) нақты оқиғалар туралы мәліметтер (баянат) беруді;

4) жүйе операторының жұмыс орнынан ҚБЖ-мен жабдықталған кез келген есікті ашуды немесе оқшаулауды;

5) объектінің графикалық картасын бейнелеуді және т.с.с. шешуді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 117-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

118. Бұл жүйе күзет қызметінің үй-жайында орналасқан компьютермен басқарылатын объектінің жергілікті есептеу жүйесінің базасында жүзеге асырылуы мүмкін.

119. ҚБЖ құрамына мыналар кіруі тиіс:

1) тосқауыл конструкциялары, атқарушы құрылғы және құрамында басқарылатын тосқауыл құрылғысы;

2) есептегіш және сәйкестендендіру құрамында сәйкестендіру белгілерін енгізетін құрылғы;

3) аппараттық және бағдарламалық құрал құрамындағы басқару құрылғысы.

120. ҚБЖ сәйкестендіру белгілерін іріктеу және таңдау жолымен манипуляциялаудан қорғалуы тиіс, ал конструкциясы, сыртқы түрі және жазуының құрама бөлшегі қабылдау кодының ашылуына әкелмеуі тиіс.

121. ҚБЖ мынадай функционалдық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

1) бұл рұқсат етілген аймаққа (үй-жайға) шектелген уақытта кіруге тек сәйкестендіру белгісін оқығаннан кейін немесе оператордың бүйрекшімен құрылғының ашылуы;

2) кіруге рұқсат етілмеген аймаққа (үй-жайға) кіруге сәйкестендіру белгіні оқығаннан кейін тосқауыл құрылғының ашылуына тыйым салу;

3) басқару құрылғысындағы сәйкестендіру белгісіне санкцияланған өзгеріс енгізу (косу, өшіру) және олармен кіруге рұқсат ету аймағымен (үй-жаймен) әрі уақыт аралықтарындағы байланысы;

4) сәйкестендіру белгілерін өзгерту (косу, жою) үшін басқару құрылғысы құралдары бағдарламаларына рұқсат етілмеген енуден қорғау;

5) техникалық және бағдарламалық құралдарды басқару элементтеріне режимді орнатуға және ақпаратқа рұқсатсыз енуден қорғау;

6) электр қуаты өшкен кезде сәйкестендіру белгілерінің бабы мен деректер базасын сактау;

7) төтенше жағдайлар туындаған кезде, өрт пен техникалық ақау болған кезде режим қағидаларына және өртке қарсы қауіпсіздік шараларына сәйкес тосқауыл құралдарын қолмен, жартылай автоматты немесе автоматты түрде ашу;

8) жүйе операторының жұмыс орнынан рұқсат беру жүйесімен жабдықталған кез келген есіктің ашылуы немесе жабылуы;

9) рұқсат берілген сәйкестендіру белгісі оқылғаннан кейін өтетін жерден белгілі бір уақытта өту фактісі болмаған кезде басқару құрылғысының автоматты түрде жабылуы;

10) сәйкестендіру белгілерін (кодын) іріктеуге әрекет жасалған кезде дабыл белгісі берілпі, тосқауыл құрылғысының белгілі бір уақытқа жабылуы;

11) ағымды және аландағататын оқиғалардың тіркелуі және хаттамалануы;

12) басқару құрылғысымен байланыс болмаған кезде рұқсат берудің әрбір нүктесіндегі тосқауыл құрылғысынан оқығыштың дербес жұмысы.

122. Оқығыштар мынадай функционалдық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

1) сәйкестендіргіштерден сәйкестендіру белгісінің оқылуы;

2) енгізілген сәйкестендіру белгісін жадыда немесе басқару құралының мәліметтер базасында сақтай отырып, салыстыру;

3) пайдаланушыны сәйкестендірген кезде тосқауыл құрылғысының ашылуы белгісін беруі;

4) басқару құралымен ақпарат алмасу;

5) оқығыштар сәйкестендіру белгілерін іріктеу немесе таңдау арқылы манипуляциядан қорғалуы тиіс.

Сәйкестендіргіштің және оқығыштың конструкциясы, сыртқы түрі мен жазуы қолданылатын кодтың әшкерленуіне әкелмеуі керек.

123. Басқару құрылғысы мынадай функционалдық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

1) оқығыштардан ақпаратты қабылдау, оны өндеу, берілген түрде көрсету және тосқауыл құрылғысын басқарудың белгіні жасауы;

2) олардың ену сипаттамасын беру мүмкіндігімен (код, рұқсат берілген уақыт аралығы, рұқсат деңгейі және басқалар) объект қызметкерлерінің дерекқорын енгізу;

3) рұқсат беру нүктесінен өтетін қызметкерлердің өтуін тіркеуді электрондық журналын жүргізуін;

4) рұқсат беру нүктесіндегі алаң туғызатын ахуалдар туралы ақпаратты басым түрде шығаруды;

5) тосқауыл құрылғысының, оқығыштар мен байланыс желілерінің ақаусыздығын бақылау.

124. КББЖ объектілерде өткізу және объектішілік режимді ұйымдастыруды кіру аймақтарына сәйкес қамтамасыз етуі тиіс.

**Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

125. ҚБЖ конструктивті түрде модульдік қағидатпен құрылуы және мыналарды:

1) ауыспалы бір үлгідегі техникалық қуралдардың өзара алмасуышылығын;

2) техникалық қызмет көрсету мен пайдалану қолайлылығы, сондай-ақ жөндеуге жарамдылығын;

3) басқару элементтеріне рұқсатсыз енуді болдырмауды;

4) пайдалану үдерістерінде реттеуді, қызмет көрсетуді және ауыстыруды қажет ететін барлық элементтерге, тораптар мен блоктарға рұқсаттық енуді қамтамасыз етуі тиіс.

126. ҚБЖ-мен:

1) объектінің негізгі және қызметтік кіру есіктерін;

2) гимаратқа кіруге арналған сыртқы есікті;

3) қызметтік бөлме есіктерін;

4) күзет қызметі бөлмелерінің есіктерін;

5) ОБП бөлмесінің есіктерін;

6) басшылардың, МҚСБ, тапсырыс берушінің, объектінің күзет қызметінің, бөлімшениң қалауы бойынша басқа бөлмелерді жабдықтау ұсынылады.

127. ТБЖ күзетілетін аймақтың, үй-жайдың, периметрдің және объекті аумағының ахуалы туралы көрнекі ақпаратты орталықтандырылған бақылаудың оқшау пунктіне, арнайы бөлінген күзет үй-жайына немесе орталық күзеттің пунктіне беруді қамтамасыз етуі тиіс.

128. ТБЖ дабыл туралы хабарлама алған жағдайда аймақтан құқық бұзушылықтың сипаттамасын, құқық бұзушылық орнын, құқық бұзушының қозғалыс бағытын анықтау үшін көріністі бейнебақылау операторына беруі тиіс.

129. ТБЖ күзетілетін аймақтардағы (аумақтағы, үй-жайдағы) жағдайды бақылауға, сондай-ақ ахуалды бағалауға және құқық бұзушының сәйкестендіруге арналған.

130. ТБЖ автоматтандырылған режимдегі жұмысты қамтамасыз етеді.

ТБЖ жалған дабылдарды болдырмау мақсатында және/немесе кейіннен ахуалды талдау немесе күзет қызметінің әрекетін бақылау үшін бейнежазбаны қосу мақсатында күзетілетін аймақтың жағдайы туралы қосымша ақпаратты операторға ұсынады.

131. ТБЖ мынадай функционалдық талаптарды (сипаттамаларды) орындау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс:

1) күзетілетін объектінің және оған жанама аумақтарды көзben шолып бақылау;

2) қауіпсіздік қызметі персоналдарының (бөлімшелердің) әрекеттерін көзben бақылау және олардың әрекеттерін үйлестіру үшін қажетті ақпаратты ұсыну;

3) оқиғаны одан әрі талдау үшін бейнеақпаратты мұрагаттау;

4) оқиғаны автоматтық режимде немесе оператордың бұйрығымен бейнекүжаттау;

5) жұмыс режимін бағдарламалау;

6) рұқсат жүйесін және күзет сигнализациясын басқарумен жұмыс істеуі;

7) табу құралдарының іске қосылу белгісі бойынша телекамералар бейнені автоматты шығаруы;

- 8) рұқсатсыз әрекеттерді болдырмау мақсатында басқаруға және бейнеақпаратқа ену өкілеттігін шектеу;
- 9) бұрын жазылған ақпаратты жаңғырту;
- 10) телекамераның уақытты, күнді беру және сәйкестендіргіш арқылы бейнежазуға шүғыл қол жеткізу.

132. Объектідегі ТБЖ-мен:

- 1) аумақтың периметрі;
- 2) бақылау-өткізу пункттері;
- 3) тексеру үй-жайы (бөлмесінде), көлікті тексеру аймағы;
- 4) бас және қосалқы шығыстар;
- 5) материалдық құндылықтарды алып жүретін үй-жайлар, дәліздер;
- 6) материалдық құндылықтар қоймасын қоспағанда, басқа материалдық құндылықтар тікелей шоғырланған бөлмелер;

7) объекті немесе бөлімше басшысының (меншік иесінің) қалауы бойынша басқа да бөлмелер жабдықталады.

133. Объектінің аумағын немесе периметрін бақылауға арналған бейнекамераларды сыртта орнату үшін климаттық аймаққа сәйкес климатты факторлардың ықпалы жағдайында жұмыс істеуі не климаттық факторлардың ықпалы кезінде жұмыс қабілетін қамтамасыз ететін қапталған термоқалталарда орналасуы тиіс.

134. Тәуліктің қараңғы уақытында, егер күзетілетін аймақтағы жарық телекамераның сезімталдығынан төмен болса, көрінетін күзеттің жарығы немесе жарықтың инфрақызыл диапазоны қосылуы тиіс. Күзетілетін аймақты жарықтандыру телекамераның шолуы аймағымен сәйкес болуы керек.

135. Үлкен аумақты бір телекамераның көмегімен бақылау үшін ауыспалы қашықтық объективтері және қашықтан басқарылатын айналмалы құрылғылар қолданылуы тиіс.

136. Объектідегі үй-жайларда тиегі бар телекамераны, диафрагманы қолмен реттейтін жинақталған объективті қолдану тиіс.

Объекті үй-жайынан тыс жерде (көшеде) диафрагмалы телекамераларды автоматты түрде реттейтін объективпен жинақтаған жөн.

137. ТБЖ қозғалған нысананы анықтаған кезде орталық күзет пунктіне дабыл белгісінің берілуін қамтамасыз етуі тиіс.

138. ТБЖ-ның ден қою уақыты құқық бұзушының бақылау аймағының жартысына жетуіне жеткілікті уақыттан аспауы тиіс.

139. Барлық бейнеақпарат оқиғаларды кейіннен талдау үшін сақталуы тиіс (ақпаратты сақтау мерзімі 30 тәуліктен кем болмауы тиіс).

**Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

140. ТБЖ-ның конструкциясы модульдік қағидатпен құрылуы және мыналарды:
- 1) ауыспалы біртектес техникалық құралдардың өзара ауыспалылығын;
  - 2) техникалық қызмет көрсетудің, жөндеудің және пайдаланудың қолайлығын;
  - 3) басқару элементіне рұқсатсыз қол жеткізу ді болдырмады;
  - 4) пайдалану үдерісінде реттеуді, қызмет көрсетуді немесе ауыстыруды талап ететін барлық элементтерге, тораптарға және блоктарға рұқсат берілген енуді қамтамасыз етеді.

140-1. Объектінің телевизиялық құзет жүйелеріне кіретін бейнебақылау жүйелеріне қойылатын техникалық талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті тәрағасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 69 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21693 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында белгіленген бейнебақылау жүйелерінің ең тәменгі техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес келуге тиіс.

**Ескерту. 4-тарау 140-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## 5. Жедел байланыс жүйесін құрудың негізгі қағидаттары

141. Жедел байланыс жүйесі (бұдан әрі – ЖБЖ) бөлімшениң қызметін басқаруды қамтамасыз ету үшін қолданылуға тиіс.

**Ескерту. 141-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

142. ЖБЖ құрамына:

- 1) ретрансляциялық жабдық;
- 2) стационарлық радиостанция;
- 3) абоненттік радиостанция (шағын/тасымалданатын);
- 4) коммутациялық жабдық;
- 5) диспетчерлік жабдық;
- 6) ұздіксіз электрмен қоректендіру жүйелері жабдығы кіреді.

143. ЖБЖ мынадай функционалдық талаптарды (сипаттамаларды) орындауды қамтамасыз етуі тиіс:

- 1) жедел байланыс жүйесі үшін белгіленген тәртіппен жиілік диапазондағы жұмыс;
- 2) екінші сыныпты жанама қосылмайтын, ұздіксіз радиобайланыстың сөйлеу анықтығының сапасы;
- 3) құзет пунктіндегі кезекші мен қызмет көрсететін аумақтағы құзет жасағының радиобайланысы;
- 4) құзет жасағы арасында қызмет көрсету аумағы шегінде екі жақты радиобайланыс ;

5) қызмет көрсету сыйымдылығы және аймағы құзетілетін объектідегі және жанама аумақта орнатылған байланыстың жеткілікті болуы;

6) берілетін ақпараттың қорғалуы;

7) негізгісі өшіп қалған кезде бақылау жабдықтың, коммуникация орталығының және диспетчерлік орталықтың резервтік электрлік қоректендіруге автоматты түрде ауысу (және керісінше) мүмкіндігі. Резервтік қорек көзінің негізгі уақыты кемінде 2 сағат.

144. Ақпараттың қауіпсіздігі ұйымдық-техникалық іс-шаралармен қамтамасыз етілуі және нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

145. Байланыс компоненті жүйесінің конструкциясы оларды пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу кезінде қызмет көрсететін персоналдың электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

## 6. Жабдықты электрмен қоректендіру

146. Электрмен қоректендіру бойынша қорғаудың сенімді деңгейімен қамтамасыз ету үшін құзетілетін объектілерді 1-санаттағы электрмен қамтамасыз ету объектілеріне техникалық ауыстыру жөніндегі ұйымдастыруышылық іс-шаралар өткізуі талап етеді (үздіксіз синусоїда).

Күзет, өрт сигнализациясы кешені және енуді бақылау жүйесі негізгі желілік қоректену болмаған кезінде жабықтың кемінде 12 сағат жұмысын қамтамасыз ететін аккумуляторлық қолдаумен үздіксіз қоректену көзін ұстауы тиіс.

Күзет телевизия жүйесі 1-санаттағы электрмен қамтамасыз ету бойынша электрмен қоректендірумен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл 2 кірмені әртүрлі электр станцияларынан және автоматикадан күзет телевизиясы аппаратурының кіретін жеріндегі үзіксіз синусоидты қамтамасыз ететін резервтік кірмеге қайта қосуды қамтамасыз етеді. Егер жоғарыда жазылған талаптар қандай да бір техникалық себептермен орындалмаса, үзіксіз синусоид талаптарына шығуды қамтамасыз ететін аккумуляторлық қолдаумен 220 В үздіксіз электрмен қоректендіру көзін қолдану ұсынылады.

Ұзақ уақыт сөнген авариялық жағдайда (тәуліктен артық) "жедел" резерв жұмысының режимін қамтамасыз ететін 3-фазалық, 220 В, 50 Гц дизель-генераторы орнатылады.

147. Автономды резервтік электр көздері АТҚ-ның, ҚБЖ-нің, ТБЖ-нің, күзет және кезекші жарығының жұмысын:

- 1) қалаларда және қала үлгісіндегі кенттерде - кемінде 24 сағатқа;
- 2) ауылдық аудандарда - кемінде 48 сағатқа;
- 3) баруы қыын аудандарда - кемінде 72 сағатқа қамтамасыз етуі тиіс.

## 7. Күзеттік жарық

148. Негізгі және ішкі қосалқы қоршау сияқты қоршауды жарықтандырудың (100 люкс, кем емес жарықтандыру) жергілікті участеклерді көруді ескере отырып, құзет периметрі жүйесінен жарық қосу мүмкіндігі болуы тиіс.

Қоршаудың бетон төсемі кәбілді тарту және сигнализацияның техникалық құралдарын, қуатты желілер мен байланыс желілеріне қызмет көрсету үшін саңылаулары бар кәбіл арналары болуы тиіс.

149. Құзеттік жарық аспаптары ретінде мол жарық беретін прожекторлар, қыздыру лампалары немесе басқа үлгідегі шамдар қолданылуы мүмкін.

Жарық аспаптары бекет құзетшілері мен БӨП-тің бақылаушыларына шағылыспайтында түрде орналастырылуы тиіс.

Жарық жолағы құзет бекеттеріне, жасақшалардың жолдарына, бекеттік саңырауқұлақ тәріздес қалқаларға және т.с.с түспеуі тиіс.

Шамдардың арақашықтығы, олардың қуаттылығы және конструкциясы жарықтандыру нормалары бойынша қажетті жарықтың жаппай, тең жолағын жасау есебінен таңдалуы тиіс.

150. Құзеттік жарық желісі дербес болуы және қауіпсіздік техникасы қағидаларына сәйкес орындалуы тиіс. Құзеттік жарықтың магистарльды және бөлінбелі (топтық) желілері жерге немесе қораптарға салынған кәбілдермен орындалуы тиіс. Құзеттік жарықты басқару үшін дербес тексеру кәбілдері қарастырылады. Тексеру кәбілдері құзет сигнализациясының желілерінің бір трасса бойымен салынуы мүмкін. Қоректендіру қалқаны тыйым салынған аймақта (металл шкафта) жасақшалар жолдарының жаңында және БӨП-тің үй-жайларында орнатылады.

151. Автомобиль және темір жол БӨП-терінің тексеру аландарын жарықтандыру кемінде 150 люкс болуы тиіс. Адамдар өтетін БӨП-ті жарықтандыру - кемінде 200 люкс болуы тиіс.

Бейнебақылау жүйесін пайдаланған кезде жарық орнатылған телехабарлау құрылғылары үлгілеріне арналған техникалық талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Құзеттің қызметтік үй-жайларын жарықтандыру нормаларын анықтау қолданыстағы нормалар мен қағидалар негізінде жүргізілуі тиіс.

152. Қарауыл үй-жайлары, БӨП, ғимаратқа кіретін жерлер, санатты үй-жайлардың дәліздері авариялық жарықпен қосымша жабдықталуы тиіс. Жұмыстық жарықтың авариялық жарық беруге және кері ауысуы автоматты түрде жүзеге асырылуы тиіс.

153. Автокөлік және темір жол БӨП-терін жарықтандыру көлікті және тасымалданатын жүктерді тексеруді қамтамасыз етуі тиіс. Жарық беретін аспаптар тексерілетін көліктің тегіс, оның ішінде астын қарайтында болуы тиіс. Қажет болған жағдайларда тасымалданатын жарықты пайдалану мүмкіндігін қарастыру керек.

## **8. ИТТК-ның кәбіл желілеріне және коммуникацияларына қойылатын талаптар**

154. 60 В жоғары кернеуі бар кәбіл желілері дербес орындалуы тиіс, олардың кешендеңді желіге қосылуына жол берілмейді.

155. Коректендіретін электр сымдары ретінде сериялық шығарылған қуат кәбілдері мен бекіткіш сымдар қолданылады, оларды таңдау төсем шарттарын ескере отырып, жүргізіледі.

Тарату желілеріндегі қуат кәбілдердің тіндерінің қылышы тоқты барынша тұтыну кезінде кернеудің рұқсат берілген түсін ескеріле отырып, есептелінеді.

Қауіпсіздік құралдарын жерге қосу және "жерден алу" осы құралдарға арналған техникалық құжаттамаларға сәйкес орындалуы тиіс.

156. Қауіпсіздік жүйелерінің инженерлік-техникалық кешенінің кәбілдік желісі электр қондырғы және байланыс тораптарының желілік құрылғылары қағидаларына сәйкес төсөледі.

Жалғайтын желілер сымдарының жұптар резерві кәбілдің жалпы сыйымдылығының кемінде 10-20%-ы болады.

157. Жарылу қауіпі бар аймақтарда кәбілдерді және сымдарды төсеу барынша қысқа трассаларда орындау, ал мүмкін болған кезде жарылу қауіпі бар аймақтардан тыс жерге шығарылу қажет.

Жарылу қауіпі бар аймақтарда кәбілдерді және сымдарды жүргізуі, сондай-ақ сигнализацияның техникалық құралдарын жерге қосуды және жерден алушы жоба талаптарына, сондай-ақ электр қондырғыларының қолданыстағы қағидаттарына сәйкес орындау керек.

## **9. Дабылды мекенжайға сенімді беруге арналған ХБЖ-ға қойылатын талаптар**

158. ХБЖ күзетілетін объектіден хабарламаларды (дабыл, қызметтік, ақпараттық) орталықтандырылған күзету пунктіне дейін жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

159. ХБЖ-ның мынадай функционалдық сипаттамасы болуы тиіс:

- 1) объектіден орталықтандырылған күзет пунктіне дейін берілетін арна түрі;
- 2) берілетін хабарламаның түрі және саны (ішке енү хабарламасы, өрт туралы хабарлама, қызметтік және, егер олар жүйеде бар болса диагностикалық басқару хабарламасы және басқалары);
- 3) команданың берілетін және бейнебасқаруды қабылдау түрі мен саны (орталықтандырылған күзет пунктінен күзетілетін объектіге дейінгі деректерді берудің кері арнасы бар жүйесі);
- 4) дабыл хабарламасын жеткізу уақыты;
- 5) дабыл хабарламасының берілу басымдылығы;
- 6) басқа хабарлама түрлерінің жеткізу уақыты.

160. Берілетін деректер арнасының түрі бойынша объектіден орталықтандырылған күзет пунктіне дейін мынадай байланыс арналары пайдаланылуы мүмкін:

- 1) бөлінген арналар (өткізгіш, оптикалық-талшықты және басқалар);

2) ортақ пайдаланудың телефон торабы желісіндегі арна, оның ішінде ауыстырып-қосатын, бос емес байланыс телефоны, қызметтік белгілерді жиілік бөлуді пайдалану арқылы, нөмірлерді автоматты (информаторлық) тери аппаратурасын пайдалану арқылы;

3) радиоарна;

4) басқа да берілетін арналар.

161. Хабарлама беру жүйесі үшін дабыл хабарламасын жеткізу уақыты кемінде 60 секунд.

162. Хабар беру жүйелері күзетіletіn объекті мен орталықтандырылған күзет пункті арасындағы хабарламаның беру арнасын бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

163. Хабарлама беру жүйесіне арналған арнаның ақаулығы анықталған уақыты байланыстың пайдаланатын арнасына қарай 120 секундтан кем болмауы тиіс.

164. Кері беру арнасы бар және автоматты режимде күзетке қою мен күзеттен алу жұмысына арналған хабарлама беру жүйесі күзетке алу және күзеттен алу кезінде объектіде орнатылған аппаратураға квиртирлеу белгісін беруді қамтамасыз етуі тиіс.

165. Хабарлама беру жүйесінің қажет болған кезде дабыл хабарламасын беру арнасын резервке қою мүмкіндігі болуы тиіс.

166. Хабарлама беру жүйесінде беру арнасында рұқсатсыз енуден деректерді қорғау жөніндегі шаралар қабылдануы тиіс. Қорғауды тексеру түрі мен әдістері стандарттарда немесе хабарламаларды беру жүйесіне арналған техникалық талаптарда көрсетілуі тиіс.

167. Берілетін хабарламалардың ұзақтығына қойылатын талаптар дабыл сигнализациясы жүйесінің уақытша сипаттамасына, сондай-ақ деректерді беру арнасынғы мүмкіндігін ескеруі тиіс.

168. Орталықтандырылған бақылау пульті дербес ЭЕМ базасында орындалуы мүмкін. Бұл жағдайда хабарлама беру жүйесін басқару автоматтандырылған жұмыс орнының кешені - бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен орындалуы тиіс.

169. Автоматтандырылған жұмыс орны мынадай функционалдық талаптарды (сипаттамаларды) қамтамасыз етуі тиіс:

1) бірыңғай жұмыс орнына хабарлама беру жүйесінің барлық ұлгілерін, оның ішінде объектінің қолдай және автоматтандырылған күзетке қабылдау-одан алудың және жұмылдырылған барлық байланыс арналарын пайдаланатын қолмен және автоматты тактикалық қосу;

2) мәтіндік, графикалық, дыбыстық және шұғыл дерекқорларды жүргізу;

3) жұмыс орнын жергілікті есептегіш желісіне біріктіру мүмкіндігі;

4) жергілікті есептегіш желісі жұмысын басқару және әкімшілік ету, оның ішінде ақпарат ағымын бөлу;

5) орталықтандырылған күзет пунктіндегі жедел персоналдың жұмысын объективті бақылау құралдарын үйимдастыру;

6) инсталляциялық бағдарлама құралдарының женілдігін, көрнекілігін және қолайлылығын, жалпы бағдарламалық-аппараттық кешенінде конфигурациясын, мәтіндік, кестелік және дыбыстық дереккорлар жүргізу және толықтыруды қамтитын эргономикалық пайдалану интерфейсі.

## **10. Хабарлама жүйелеріне және құралдарына қойылатын талаптар**

170. Хабарлама жүйесі (бұдан әрі - ХЖ) күзетілетін обьектіде және оның аумағында адамдарға дабыл немесе төтенше жағдайларды (авария, өрт, табиғи зілзала, шабуыл жасау, террористік акт) жедел хабарлау және олардың әрекеттерін үйлестіру үшін құрылады.

171. Объектіде хабарлама жоспары әзірленуі тиіс, ол жалпы жағдайда мыналарды қамтиды:

1) лауазымдық міндеттерінде штаттан тыс жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларға қатысуы көзделетін қызметкерлерді шақыру схемасы;

2) штаттан тыс жағдайлар кезінде қызметкерлердің әрекеттерін реттейтін нұсқаулықтар;

3) эвакуациялық жоспарлар;

4) хабарлама белгілерінің жүйесі.

172. ХЖ мынадай функционалдық талаптардың (сипаттамалардың) орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

1) ғимараттарда, үй-жайларда, адамдардың үнемі немесе уақытша болатын обьекті аумағындағы участекерде дыбыстық және (немесе) жарықтық белгілерді беру;

2) қауіптілік сипаты, эвакуация қажеттілігі мен жолдары, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да әрекеттер туралы сөйлеу ақпараты трансляциясы.

173. ХЖ бойынша адамдарды эвакуациялау мыналармен бірге жүруі тиіс:

1) авариялық және күзет жарығын қосу;

2) эвакуациялық үдерісті қыыннататын үрейдің және басқа да құрылыштардың алдын алуға бағытталған (өтетін жерде, тамбурда, баспалдақ алаңында және басқа жерлерде адамдардың топталуы) арнайы әзірленген мәтіндердің берілуі;

3) эвакуациялық бағыттар мен жолдарды жарықпен көрсетуді қосу;

4) қосымша эвакуациялық шығу есіктерін қашықтан ашу (мысалы, жабдықталған электромагниттік құлыштар).

174. ХЖ басқа мақсаттағы белгілерден ерекше болуы тиіс.

Хабарламалардың саны, оның қуаттылығы адамдардың тұрақты немесе уақытша болу орындарында тиісінше естілуін қамтамасыз етуі тиіс.

175. Күзетілетін аумақта рупорлық дауыс зорыйтқыштарды қолданған жөн. Олар жарық беру бағандарында, ғимараттардың қабырғаларында және басқа да конструкцияларда орнатылуы мүмкін.

Объектідегі дауыс зорыйтқыштарды орналастыру дұрыстығы мен саны, берілетін дыбыстық хабарламалардың анықтығын жергілікті жерде эксперимент жасау жолмен анықталып, нақтыланады.

176. Хабарлағыштарда дауыс реттегіш және алынбалы қосылыстар болмауы тиіс.

177. Хабарлама жүйелерінің коммуникациясын жекелеген жағдайларда объектіде объектінің радиотрансляциялық желісімен біріктіре жобалауға рұқсат етіледі.

## 11. Қарап, тексеру жүйелеріне қойылатын талаптар

178. Қарап, тексерудің техникалық құралдары қаруды және криминалдық әрекеттерді жүзеге асыруға арналған басқа құралдар мен заттарды табуға, күзетілетін объектіге адамдар өткен немесе көлік құралдарының кіруі кезінде, сондай-ақ күзетілетін объектіден ұрлықты және рұқсат етілмеген заттар мен құралдарды рұқсатсыз алып өтуді қамтитын криминалдық әрекетті болдырмау үшін қолданылады.

Су шаруашылығы объектілерін техникалық тексеру құралдарымен жарактандыру объектілерге тән қатерлерге, олардың жұмыс істеу ерекшеліктеріне сәйкес келуге тиіс.

**Ескерту. 178-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

179. Қарап, тексерудің техникалық құралдар тізбесіне:

- 1) металл іздегіштер;
- 2) рентгендік тексеру кешені;
- 3) тексеретін эндоскоптар мен айналар;
- 4) желілік емес радиолокациялық аппаратура;
- 5) есірткі және қауіпті химиялық заттардың табуға арналған аппаратура;
- 6) радиацияны бақылау құралы;
- 7) интраскоп кіреді.

180. Металл іздегіштер (металлды-детектор) суық және атыс қаруын, құрамында металы бар жарылғыш құрылғыларды (гранаталарды), алып өтуге тыйым салынған, құрамында металы бар әртүрлі өнімдерді табуды қамтамасыз етеді және олар арка немесе баған үлгісіндегі стационарлық құрылғылар немесе портативті аспап түрінде орындалуы тиіс.

181. Қарап, тексерудің техникалық құралдары мынадай функционалдық талаптарды (сипаттамаларды) қамтамасыз етуі тиіс:

- 1) Стационарлық металл іздегіштер:  
іздеудің объектісін табудың жоғарғы ықтималдығына;

күзетілетін обьектіге алып өтуге рұқсат етілген металл заттарға қатысты селективтікке;

айналадағы жағдайға барынша функционалдық бейімделу қабілеттілігіне (оның ішінде металл қоспасы бар);

сыртқы электрлік-магниттік сәулелену көздерінен үлкен бөгеттік қорғанысқа;

бақыланатын кеңістіктің барлық көлемінде табудың біркелкі сезгіштігіне;

әртүрлі металл массасын табуға қайта баптау мүмкіндігіне;

имплантты электрлік-стимуляторлық және магниттік ақпарат тасымалдағышқа әсер етудің рұқсат етілген деңгейіне ие болуы тиіс.

2) Портативтік (қол) аспаптар:

қара және түрлі-түсті металдар мен олардың қорытпасын табуды және қажет болған жағдайда анықтауды;

әртүрлі металл массасын табуға қайта баптау мүмкіндігін;

стационарлық металл іздегіштердің бірлескен жұмыс кезінде пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

3) арнайы мақсатта қолданылатын стационарлық рентгендік цифрлық сканерлеу жүйелері (адамның тұла бойын рентгенді-трафиқалық сканерлеу) мынадай қауіпті және тыйым салынған заттарды анықтау мақсатында адамды қол тигізбей көзben шолып жеке тексеруді қауіпсіз жүргізуі қамтамасыз етуге тиіс:

киімнің ішіне тығылған органикалық емес материалдар - атыс және сұық қару, жарғыштар, электронды құрылғылар т.б.;

киімнің ішіне тығылған металл іздегіштермен табылмайтын органикалық материалдарды - пластикалық жарылғыштарды, контейнердегі есірткіні, керамикадан жасалған атыс және сұық қаруды және т.б.;

жұтылған немесе адамның табиғи қуыстарына тығылған барлық типтегі материалдар - контейнердегі есірткіні, жарылғыш, химиялық және биологиялық заттарды, асыл тастар мен металдарды табу мақсатында адамды қол тигізбей, көзben қауіпсіз шолып, дербес қарауды қамтамасыз етуі тиіс.

4) Қарап, тексеру эндескоптары мен айналар көру қын жерлерді көзben шолып, тексеруді женілдету және ондағы жарылғыш заттарды, атыс және сұық қаруды, контрабанданы, ақпаратты жасырын түсіретін құралдар мен басқа да обьектілерді анықтауы үшін қолданылуы тиіс. Техникалық эндоскоптар мен бейнескоптар ену тек салыстырмалы түрде кішкентай саңылау арқылы болатын әртүрлі қуыстарды, арналарды және басқа жерлерді қарau үшін қолданылуы тиіс. Олар:

бұрыштық көру кемінде 40 градус иілгіш, әрі жартылай қатты және 90 градус қатты конструкциялар үшін ену арақашықтығы кемінде 1500 мм;

қарап, тексеру орнын жарықтандыру мүмкіндігі, жарықтың жайын реттеуді;

қарау нәтижелерін бейнекүжаттандыруды;

экологиялық қауіпсіздікті және электромагниттік үйлесімділікті қамтамасыз етуі тиіс.

5) Жарылғыш, есірткі және қауіпті химиялық заттарды табуға арналған аппаратура олардың болуын немесе іздерін ауаның күмәнді үлгісін компоненттік және құралымдық талдау өткізу жолымен табу үшін қолданылуы тиіс. Олар:

талдаудың қазіргі заманғы физикалық-химиялық әдістерін қолдануға негізделген заттарды сәйкестендіру;

тротил, гексоген т.б. үлгісіндегі штаттық ЖЗ болуын сенімді тіркеуге мүмкіндік беретін сезімталдықты;

құралдың үстіндегі жарылғыш заттардың іздерін шұғыл анықтауды (жарылғыш заттардың іздерін талдағыш) қамтамасыз етуі тиіс.

**Ескерту. 181-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2022 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

182. Кіріс хат-хабарын қабылдау пункті есірткіні, химиялық уландыратын заттарды, жарылғыштарды және т.б. хат-хабарларды ашпай табуға мүмкіндігі бар түрлі-түсті өздігінен оқытын интраскоппен жабдықталуы тиіс.

183. Қарап, тексеру жүйесінде функционалдық сипаттамалар (талаптар) және оларды сынау әдіstemесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес объектінің қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленеді.

## **12. Қузетілетін объектінің қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі техникалық қуралдарға қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары**

184. Объектілерді және мұліктерді қорғауды қамтамасыз етудің техникалық қуралдары:

1) сериялық өндіріс өнімі - механикалық, электрлік-механикалық, құрылымыс конструкциялық (инженерлік-техникалық нығайту қуралдары);

2) өндірілген өнімнің сериялық өндіріс өнімі (аспап жасау өнімі) - электр/электрондық/электрондық бағдарламалық құрылғыны;

3) дара өндіріс өнімі - техникалық қорғау қуралдары кешенін білдіреді.

185. Сериялық өндірістің аспап жасау өнімі сияқты техникалық қуралдары өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, кәдеге жарату кезінде қауіпсіз болуы тиіс.

186. Объектінің және мұліктің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің техникалық қуралдары жобалау, өндіру, объектіде монтаждау және пайдалану үдерісінде мына: электрлік және өрт қауіпсіздік талаптарды қамтамасыз етуі, сондай-ак электрлік-магниттік сыйысуышылық талабына жауап беруі тиіс.

187. Қорғаудың техникалық қуралдары кешеніне арналған қауіпсіздік талаптары дара өндіріс өнімі сияқты кешендердің барлық тіршілік циклінде - жобалау, монтаждау,

қосу жұмыстары, пайдалануға беру, пайдаланудан шығару кезінде қамтамасыз етілуі тиіс.

188. Бұйымдарда және/немесе оны пайдалану нұсқауында (нұсқаулықта) оларды қауіпсіз орнатуға, пайдалануға және кәдеге жаратуға арналған барлық қажетті және жеткілікті ақпарат көрсетілуі тиіс.

**Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы**

БӨП - бақылау-өткізу пункті

ХБЖ - хабарлама беру жүйесі

ОКО - орталықтандырылған күзет пункті

ШҚ - шеткі құрылғы

Р - ретранслятор

ОБП — орталықтандырылған бақылау пульті

АТС - автоматтандырылған телефон станциясы

ҚБА — қабылдау-бақылау аспабы

КББЖ — кіруді бақылау және басқару жүйесі

ТБЖ - телевизиялық бейнебақылау жүйесі

МҚҚБ - мемлекеттік құпияны қорғау бөлімшесі

БІЖ - бақылау-іздік жолағы

ИТКҚ — күзеттің инженерлік-техникалық құралдары

ПО - ішкі істер органдары

ЖМК - жеңіл металдық конструкция

АТКҚ — күзеттің арнайы техникалық құралы

КМБХ - күзеттің магниттік байланыс хабарламасы

СА - соңғы ажыратқыш

ИҚ - инфрақызыл (сәуле, хабарлағыш және т.б)

ЖБЖ - жедел байланыс жүйесі

ЭЕМ - электрондық есептегіш машина

ХЖ - хабарлама жүйесі

В - вольт

Гц - герц